

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

БЕТПЕРДЕ ТАҒЫҢЫЗ

АРАҚАШЫҚТЫҚ САҚТАҢЫЗ

КАРАНТИН ШАРАЛАРЫН САҚТАҢЫЗДАР

● ПРЕЗИДЕНТ



ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС КҮШЕЙІП КЕЛЕДІ

2

● ТІЛШІ ТАЛДАУЫ



БАЛАҢЫЗ МЕКТЕПКЕ ДАЙЫН БА?

21

● #ЕКПЕАЛ

2022 жылғы 10 тамыздағы мәлімет бойынша АЛМАТЫДА

I компонентпен

1 216 119

II компонентпен

1 189 144

адам вакцина салдырды

2022 жылғы 10 тамыздағы мәлімет бойынша ҚАЗАҚСТАНДА

I компонентпен – **10 802 491** адам,

II компонентпен **10 536 516** адам вакцина салдырды.

Ревакциналанғандар саны – **5 197 149**

● KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

11.08.2022

Түнде:

+15+20 °C
Көшпелі бұлтты, жаңбыр, кей уақытта қатты, найзағай, бұршақ.

Күндіз:

+27+32 °C
Көшпелі бұлтты, жаңбыр, кей уақытта қатты, найзағай, бұршақ.

Желдің жылдамдығы:
3-8, найзағай кезінде екпіні 13 м/с

12.08.2022

Түнде:

+15+20 °C
Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.

Күндіз:

+27+32 °C
Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.

Желдің жылдамдығы:
3-8, найзағай кезінде екпіні 13 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №92 (6227) 11 тамыз, бейсенбі, 2022 жыл.

● ТҰЛҒАТАНУ

ҰЛЫ АБАЙ МҰРАСЫ

ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық



Алматыда «Абай күні» аталып өтті

Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

«Абайды терең тануға баса мән бергеніміз жөн. Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегеніміз де – осы. Осыған орай, Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы қажет...

Абай мұрасы – біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық».

(Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласынан).

● НӨМІРДІҢ НАҚЫЛЫ:

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боларсың елден бөлек.

АБАЙ.

● ТУРИЗМ

АЛМАТЫНЫҢ ШЫҢДАРЫНА ШЫҒЫҢЫЗ!

Биыл халықаралық Almaty Mount Fest фестиваліне 6 мыңнан астам адам қатысады деп күтілуде



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Қазақстандық тау туризмі мен спортты насихаттауға арналған халықаралық Almaty Mount Fest фестивалі Алматыда төртінші мәрте 2–5 қыркүйек аралығында болады. Спорттық жарыстар мен мәдени іс-шаралар негізінен биік таулы «Медеу» және «Шымбұлақ» курорттарында өтеді.

● ҚЫСҚА...

- Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясы 76-сессиясының төрағасы Абдулла Шахид 11-12 тамыз аралығында Қазақстанға ресми сапармен келеді.
- Тамызда Ұлттық бірыңғай тестілеу басталды.
- Бейжіңде Абай оқулары өтті.
- Республикалық «Жас өрен» байқауы 25 шілде мен 15 қазан аралығында өтеді.
- Қазақстандықтардың орташа жалақысы 312 мың теңгеден асты.
- Қазақстан мен Түркіменстан арасында көпір бой түзеді.
- Алматыда тәулік бойы жұмыс істейтін экологиялық бекеттер орнатылады.
- eGov mobile қосымшасында жаңа бөлім іске қосылады.

www.almaty-akshamy.kz



11



● ПРЕЗИДЕНТ



ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС КҮШЕЙІП КЕЛЕДІ

Мемлекет басшысы

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің
төрағасы Олжас Бектеновті қабылдады

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевқа елдегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қабылданып жатқан шаралар баяндалды. Атап айтқанда, биылғы 7 айда 1400-ден астам сыбайлас жемқорлық қылмысы тіркеліп, жемқорлық фактісімен 900-ге жуық тұлға әшкереленді.

Бұл туралы Ақорда сайтында жарияланды. Президентке сыбайлас жемқорлық қылмыстарына жол бермеу жөніндегі профилактикалық және алдын алу шаралары туралы мәлімет берілді.

Олжас Бектеновтің айтуынша, аталған шаралар аясында көліктік бақылау, Әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациялары, сондай-ақ Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс комитеті салаларындағы сыртқы талдаудың аяқталғанын хабарлады. Сыбайлас жемқорлық қауіптері мемлекеттік қорғаныс тапсырысын қалыптастырудың өнім көлемін жоспарлаудан бастап шарт міндеттемелерін орындауға дейінгі барлық сатысында кездеседі.

Президенттің тапсырмасына сәйкес

агенттік Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет бөлімшелерінің жұмысын бағалау тәсілдерін қайта қарады. Статистикалық көрсеткіштер үшін ғана жасалатын әрекеттер алынып тасталды.

Ведомствоның қызметінде бағдар ретінде сыбайлас жемқорлық қауіптерінің картасы айқындалып, оған процестердің ашық болмауына, әкімшілік кедергілерге және жергілікті жерлердегі мемлекеттік қызметшілердің өз міндеттерін тиісті деңгейде орындамауына байланысты халық пен бизнесті толғандыратын көкейкесті мәселелер енгізілді.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің жұмысын күшейту жөнінде бірқатар міндет жүктеді.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ БАЙҚАЛАДЫ

Мемлекет басшысы Премьер-Министр
Әлихан Смайыловты қабылдады

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевқа 2022 жылдың қаңтар-шілде айларындағы еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары туралы баяндалды. Бұл туралы Ақорданың ресми сайтында жарияланды.

Әлихан Смайыловтың айтуынша, осы аралықта ЖІӨ өсімі 3,2 пайызды құрады. Тауарлар өндірісі 3,3 пайызға, көрсетілген қызметтер 2,4 пайызға артты. Құрылыс, сауда, өңдеу өнеркәсібі, сондай-ақ көлік және байланыс салаларында айтарлықтай өсім бар.

Премьер-Министр Президентке Үкіметтің әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаны тежеу шараларына қатысты мәлімет берді. Үкімет 2022–2024 жылдарға арналған азық-түлік қауіпсіздігі жоспарын орындап келеді.

Премьер-Министр инфляция деңгейін төмендету, экономиканы демонополизация-

лау, елдің транзиттік-көліктік әлеуетін дамыту жөніндегі шаралар туралы баяндады. Әлихан Смайылов құны 22,2 триллион теңге болатын инвестициялық жобалардың жүзеге асырылып жатқанын жеткізді.

Сонымен қатар, Үкімет басшысы Президентке Қазақстанның 2023–2025 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамын ұсынды.

Президент құрылымдық реформалар мен экономиканы демонополизациялауды жалғастырып, кәсіпкерлікке қолдау көрсету қажет екенін айтты. Сондай-ақ, халықтың кірісін арттыруды қамтамасыз етудің маңыздылығын атап өтті.

МӘДЕНИЕТ ПЕН СПОРТҚА ЕРЕКШЕ КӨҢІЛ БӨЛІНДІ

Президент Мәдениет және спорт министрі
Дәурен Абаевты қабылдады

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевқа министр өзі жетекшілік ететін барлық салада атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндады.

Дәурен Абаев азаматтардың жекелеген санаттарының кірісін арттыру шаралары туралы айтты. Атап айтқанда, биыл мәдениет, өнер және спорт мекемелері қызметкерлерінің жалақысы өскен. Министрлік Мемлекет басшысының тиісті тапсырмаларын орындау бойынша жұмысты жалғастырады.

Мәдениет және спорт министрі кітап шығару саласындағы жағдай туралы баяндады. Қазір негізгі күш баспа өнімдерінің, соның ішінде балалар әдебиетінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, сондай-ақ жазушыларды қолдауға бағытталған. Сонымен қатар, Президентке мұрағат қоймаларын жаңғырту мен цифрландыру жайы айтылды.

Қазақстандық спортшылардың халықаралық ірі жарыстарға, 2024 жылы өтетін Олимпиада ойындарына дайындық мәселесі де жеке қарастырылды.

Мемлекет басшысы министрлікке бұқаралық және балалар спорты дамыту, ұлттық мәдениетті кеңінен насихаттау жөнінде бірқатар міндет жүктеді.

Сонымен қатар, Қасым-Жомарт Тоқаев туристік инфрақұрылымды дамыту мен шетелдік инвесторларды тарту және бірлескен туристік жобаларды іске қосу үшін қажетті жағдай жасаудың маңызды екенін атап өтті.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.

● ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Алматының шеткі аудандарында тозығы жеткен ескі үйлер көп. Әсіресе, Түркісіб, Жетісу аудандарында сонау кеңес заманында салынған каркас пен қамыс үйлер әлі де бар.

Иә, қалада ескі үйлер кездеседі, мегаполисте аспанмен таласқан әсем ғимараттар жетерлік. Қаланың барлық аудандарында жолдар жөнделіп, аулалар абаттандырылған. Көшелеріміз тақтайдай түзу. Халық көп баратын қоғамдық орындарда қызмет түрлері ұлғайып келеді. Дейтұрғанмен, шеткі аудандарда әлі де қала көркін бұзатын көріксіз үйлердің барын айтуға тиіспіз.

Құрылыс саласының мамандарынан «ескі болса да тұруға жайлы үйлерді неге бұзады?» деп сұрағанымызда, жалпы, үй болсын, ғимарат болсын, егер оның тозығы жетсе, сүріп, орнына жанаңасын тұрғызып абзал дейді. Өйткені, кез келген ескі нысан адамдардың өміріне және денсаулығына қауіп төндіреді. Керісінше, ескі үйлерді сүріп, оның орнына жаңа функционалды және заманауи нысандар салудың маңызы зор. Бұзылған, тозығы жеткен үйлердің аумағында тұрғын үйлер ғана емес, халыққа жаңа қызмет көрсету нысандары салынады, жаңа желілер тартылады, саябақтар, бульварлар, аландар, қоғамдық орындар пайда болады дейді мамандар.

Өзіңіз де байқаған боларсыз, бүгінде қаланың орталық бөлігін-

ЖАҢАРУҒА ҚАДАМ



де де тұрғын үй құрылысы қызып тұр. Әсіресе, қаланың шеткі аймақтарында үйлер көптеп салынауда. Міне, алып шаһар осындай заманауи үлгіде бой көтеретін үйлермен алдағы жылдары толығымен жаңаруы тиіс. Ол үшін қала ішінде әрегідік кездесетін ескі үйлер тізімге алынып, уақыт оздырмай орнына жаңа нысандар

салынуы міндетті. Әлбетте, бұл бағытта қала билігі аз жұмыс жүргізіп отырған жоқ. Алматыда 2021–2025 жылдарға арналған тұрғын үй қорын жаңарту бағдарламасы жұмыс істейді. Ескі үйлерді бұзу мен тұрғын үй салуды көздейтін аталмыш бағдарлама бүгінде талай алматылыққа баспана сыйлаған жайы бар. Алма-

тының ажарын ашатын әдемі үйлерді біз қаланың барлық аудандарынан көріп жүрміз.

Жауапты сала мамандары ескі үйлерді сүру оңай шаруа емес дейді. Айтуларынша, бұл жұмыстар бірнеше бағыт бойынша жүзеге асады. Неге десеніз, мұндай баспаналардағы тұрғындарды өзге жерге көшірудің өзі әжепт-

әуір еңбекті талап етеді. Тіпті, бұзылатын нысандардың жоғарыларымен келісім-шарт жасау да ұзақ уақытқа созылады. Құлау алдында тұрған үйлерді бұзу, жаңа үйлердің жобасын жасау және салу үшін де қыруар қаржы керек. Сондықтан мұндай күрделі мәселеде тұрғындар түсіністік танытқаны абзал.

Жалпы, қандай зат болмасын уақыты келгенде жанамен алмастырылуы қажет. Мұндай қадам сіздің алға жылжуыңызға мүмкіндік береді. Демек, бұл әдіс баспанаға да қатысты. Себебі, ескі үйлер уақытында сүрілмесе, ондай үйлерде ертең қандай да бір апатты жағдайдың орын алмауына ешкім кепілдік бере алмайды. Өйткені, ескінің аты – ескі.

● ДӘЙЕК

**ТҰРҒЫН ҮЙ ҚАЙ КЕЗДЕ
АПАТТЫ ДЕП
ТАНЫЛАДЫ?**

Көпқабатты тұрғын үй онда тұратын адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін болса, бұзуға шешім қабылданады. Яғни үй тым ескі, іргетасы мен қабырғасы мүлдем тозып, қабырғалары зеңденгенде және жәндіктер қауіп келтіргенде жарамсыз болады. Мұны тұтынушылардың құқығын қорғау, төтенше жағдайлар, сәулет, жергілікті әкімдік мамандары мен тәуелсіз сарапшылар бірлесіп анықтайды. Сол шешім негізінде көпқабатты үйдің жарамдылығы немесе жарамсыздығы анықталуы керек.



БРИФИНГ

«НАУРЫЗБАЙДА» НЕ ЖАҢАЛЫҚ?

Наурызбай ауданының әкімі Санжар Тоғай Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде атқарылған жұмыстар туралы есеп берді

Ауданда тұрғындарды ауысумен қамтамасыз ету мәселесі шешілуде. Тұрғындардың 30%-ы ғана сумен тұрақты қамтамасыз етілген, ал 70%-ы суды ашық су қоймалары мен жеке ұңғымалардан пайдаланады.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

«Қазіргі уақытта Наурызбай ауданының 8 ықшамауданында 150 шақырым су құбыры желілерінің құрылысы жүріп жатыр. 80% жұмыс аяқталды және 75 шақырым кәріз желілері тартылуда, оның 95%-ы аяқталды. «Тастыбұлақ», «Таужолы», «Жайлау», «Қарғалы», «Құрамыс» ықшамаудандарында инженерлік желілердің құрылысы аяқталды. «Ақжар», «Шұғыла», «Таусамалы» ықшамаудандарында инженерлік желілерді төсеу жұмыстары жалғасуда, жұмыстарды жыл соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр», – деді аудан әкімі.

ӨКҚ брифингінде «Ақжар», «Шұғыла», «Тастыбұлақ» ықшамаудандарында (48 бау-бақша серіктестіктерінде) жалпы ұзындығы 98 км су құбыры және кәріз желілерін жүргізу жобасы әзірленіп жатқаны белгілі болды.

Заманауи тазарту жүйесі бар «Қарғалы» су қоймасының құрылысы аяқталуға жақын. Ақсай



шатқалында 16 гектар аумақты алып жатқан Ақсай өзенінде су қойма құрылысын бастау жоспарлануда, жобаны іске асыру мерзімі 2025 жылға дейін жалғасады.

Сондай-ақ, Алматының батыс бөлігін орталық кәріз жүйесімен қамтамасыз ету үшін ұзындығы 34 шақырым кәріз коллекторын салу бойынша жоба әзірленуде.

БИҮЛ 42 ШАҚЫРЫМНАН АСТАМ ЖОЛ ЖӨНДЕЛЕДІ

Аудан әкімінің айтуынша, бүгінде «Ақжар» ықшамауданында ұзындығы 45 шақырым 89 көшеде жаңа жол салу жобасы жүзеге асырылуда. Ағымдағы жылға жоспарланған 12 шақырымның 11 көшесінде (3 шақырым) жұмыстар аяқталды, 8 көшеде жұмыстар жалғасуда.

«Тастыбұлақ» ықшамауданының Таутаған көшесінде төселген желілерден кейін тротуарды жайластыра отырып, асфальт жабыны қалпына келтірілді.

«Жалпы ұзындығы 7,7 шақырым 4 көшенің жолдарына орташа жөндеу жүргізілді, оның ішінде Әшімов көшесіне арық желілерін қайта құру, Райымбек даңғылына тротуар мен жеке автобус жолағын салу арқылы күрделі жөндеу жүргізілуде», – деді Санжар Тоғай.

Екінші кезеңде «Шұғыла», «Қарғалы», «Құрамыс» ықшамаудандарында жалпы ұзындығы 13,6 шақырым орташа жөндеу жүргізу жоспарлануда. Бүгінде Наурызбай ауданында жол жабыны 295 шақырымды құрайды, асфальтталған жолдардың үлесі – 85%.

Санжар Тоғай Абай даңғылын ауданның әкімшілік орталығынан қала шекарасына дейін ұзындығы 600 метр етіп ұзарту туралы да айтып берді. 73 жер учаскесі саытып алуға жатады, 41 учаске саытып алынды, қалғандары 2023 жылдың соңына дейін құрылыс кезеңінде алынады.

Төле би көшесін жоспарлы ұзарту кезең-кезеңмен жүргізіледі. Бірінші кезеңде Алматы қаласының әкімдігі инженерлік коммуникацияларды қайта орнату және «Алма Сити» ТК ауданында жол төсемін орнату жұмыстарын жүргізетін болады.

АВТОБУСТАРДЫҢ 4 БАҒЫТЫ ҰЗАРТЫЛДЫ

Қала тұрғындарына ыңғайлы болу үшін «Алма сити Е-5» ТК және Карьерная көшесі тұрғындарының өтініші бойынша №31 және 67 автобус маршруттары ұзартылды. №44 және 137 бағыттар жаңартылды.

Аудан әкімі бағыттардың жылжымалы құрамның, сондай-ақ автобус аялдамаларының жетіспеушілігі өзекті болып қалатынын айтты. «Шұғыла», «Құрамыс», «Тастыбұлақ» шағынаудандарында қосымша маршруттық желілер мен жылжымалы құрамды ұлғайту қажеттілігі бар.

«1 қыркүйекке дейін қаланың батыс бөлігінде маршруттық желіні оңтайландыруды жоспарлап отырмыз, оның аясында №49 (шағынаудан бағыты бойынша) жаңа маршрут ашылады. Абай–Карьерная көшесі –

«Момышұлы» метро станциясы) және №110 маршрут («Момышұлы» метро станциясына дейін) ұзартылатын болады, бұл Наурызбай ауданының көлік қызметін жақсартуға көмектеседі», – деді Санжар Тоғай.

Сондай-ақ, аудан әкімі аялдама кешендерінің құрылысына жеке тоқталды. Өзірге олардың саны – 35. Жыл соңына дейін барлық заманауи талаптарға сай келетін 8 толық аялдама орнатылады. Көпқабатты тұрғын үйлердің қарқынды салынуына байланысты алдағы 5 жылда Наурызбай ауданы халқының саны 150 мың адамға артады деп күтілуде.

«Осыған байланысты Ала-тау көшесінің Абай даңғылындағы станциядан бастап, Әшімов көшесінің бұрышынан «Барлық» базары ауданындағы станцияға дейінгі метро трассасы өзгертілді. Қазіргі уақытта Абай даңғылының бойында Яссауи көшесінен батыс бағытта Әшімов көшесінің қиылысына дейін орналасқан «Қалқаман» станциясының құрылысы басталды. Аяқталу мерзімі – 2025 жыл», – деп жалғастырды аудан әкімі.

Жалпы алғанда, 2026 жылға дейін Наурызбай ауданында ұзындығы 5,2 шақырым 3 станция салынады (бүгінде техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеуге конкурстық рәсімдер жүргізілуде).

Бұдан өзге, «Барлық» базары ауданында 5 мың автомобильге арналған көлік-ауыстырып мінгізу торабы көзделетін болады.

РУХАНИЯТ

ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ ӘУЕЗОВІ



Қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовтің 125 жылдық мерейтойы қарсаңында Қазақстанның халық жазушысы, филолог-ғалым Зейнолла Қабдолов жазған «Менің Әуезовім» атты роман-эссе түрік тіліне аударылды.



Досбол
АТАЖАН

Мұхтар Әуезовтің болмысы мен шығармашылығы жайлы құнды дүниенің насихатталу шекарасын кеңейтуге «ТҮРКСОЙ» халықаралық ұйымы атсалысты. Кітаптың таныстырылымына ақын-жазушылар, ғалымдар, мәдениет қайраткерлері мен қоғам белсенділері қатысты.

«Әуезов жайлы іргелі еңбектің тәржімалануы – бауырлас түрік халқы үшін де үлкен олжа.

Ендігі уақытта осы кітап арқылы түрік тілі қауымдастығы, оның ішінде жас буын Әуезов әлеміне еркін саяхаттап, тұшымды ой-түйеріне сенімдімін. Орайлы жерде айта кеткен абзал, Мәдениет және спорт министрлігі жыл соңына дейін Мұхтар Әуезовтің 5 томдық шығармалар жинағын жарыққа шығарады. Ұлы даламызда ғұмыр кешкен, түгел түрік жұртына ортақ данышпан тұлғалар қашанда кеңінен дәріптеле берсін», – деді кітаптың тұсауына қатысқан Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев.

Сондай-ақ, министр кітапты аударуға атсалысқан шығармашылық-редакциялық ұжымға, еңбекті түрікше сөйлеткен ақын Әсем Ережеқызына, бауырлестық ниетпен бастама көтерген «ТҮРКСОЙ» халықаралық ұйымының Бас хатшысы Сұлтан Раевқа алғыс білдірді.

Айта кеткен жөн, бұған дейін М.Әуезовтің 50 томдық академиялық жинағы мемлекеттік тапсырыспен жарық көрген болатын.

ЭКОЛОГИЯ

Қалалық Экология және қоршаған ортаны қорғау басқармасы Автокөлік құралдарынан шығатын зиян заттарды өлшеу ережесін әзірледі.

БАҚЫЛАУ КҮШЕЙМЕК

Алматыда тәулік бойы жұмыс істейтін экологиялық бекеттер орнатылады



Гүлжанат
МАРАТҚЫЗЫ

Ережеде Алматы қаласындағы стационарлық және жылжымалы экологиялық посттардың толыққанды жұмыс істеуі үшін қажет жұмыстың толық кешені, сонымен қатар автокөлік құралдарының пайдаланылған газындағы реттелетін ластаушы заттардың тізбесі қамтылған. Стационарлық экологиялық бекеттер жыл бойына тәулік бойы үздіксіз жұмыс істейді.

Стационарлық және жылжымалы посттарда өлшенетін көліктердің саны күніне кемінде 500 бірлік болады деп жоспарланып отыр. Атап айтқанда, пайдаланылған газ өлшенеді.

Ережеге сәйкес, полиция қызметкері таяқшамен автокөлікті тоқтатады. Көлікті тоқтатқаннан кейін жүргізушіге жақындап, өзін таныстырып, тоқтату себебін түсіндіреді.

Өз кезегінде есепке алу маманы пайдаланылған газдарды өлшейді және алынған мәліметтер негізінде автоматты түрде электронды өлшеу хаттамасын жасайды және оны сақтау үшін деректер базасына береді. Көлік экологиялық стандарттарға сай болса, жүргізуші қозғалысын жалғастырады.

Пайдаланылған газдардың экологиялық нормасынан асып кеткені

бастапқы анықталған кезде полиция қызметкері жүргізушіге ескерту немесе 10 АЕК (30 630 теңге) көлемінде айыппұл салады.

Осыдан кейін жүргізуші 10 жұмыс күнінде көлікті экологиялық нормаларға сәйкестендіріп, бақылау өлшеуі үшін экологиялық бекетке келуі керек. Пайдаланылған газдың экологиялық нормасынан бірнеше рет асып кетуі анықталса, жүргізушіге 20 АЕК (61 260 теңге) көлемінде айыппұл салынады.

Ереже сонымен қатар, автокөліктің пайдаланған газын өлшеу әдістемесін және техникалық талаптарды анықтайды. Құжат 23 тамызға дейін қоғамдық талқылау үшін Ашық НҚА веб-сайтында жарияланған.





ЮНЕСКО

ДӘСТҮРЛІ ШАРА ЖАЛҒАСЫН ТАПТЫ

II Халықаралық жазғы мектептің ашылу салтанаты өтті. Аталған шараны ЮНЕСКО қамқорлығындағы Халықаралық мәдениеттерді жақындастыру орталығы ұйымдастырды. Бағыты – тарихи-мәдениет, әлеуметтік-гуманитарлық антропология және этнология салаларын қамтиды.

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Шараға ЮНЕСКО-ның Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар секторының директоры Анжела Мело, Алматы қаласындағы ЮНЕСКО кластерлік бюросы директорының міндетін атқарушы Магнус Магнуссон, «Таңбалы» мемлекеттік тарихи-мәдени және табиғи музей қорығының директоры Мадияр Әмірғалиев қатысты. Модераторлық қызметті Нұржауар Исаева жасады.

Сонымен бірге, жиынға қатысушылар білім, мәдениет, халықаралық ықпалдасу төңірегіндегі ой-пікірлерін ортаға салды. Еліміздегі ауқымды шараның мән-мағынасына тоқталды.

– Бұл жиынның өзге жиындардан маңызы ерекше. Сонымен қатар, ара-салмағы жағынан да өзгелерден айықталып тұр. Өздеріңіз білетіндей, ЮНЕСКО әлемдегі ең ерекше ұйым саналады. Мұнда барша жанның жауһарлары қамтылған. Соның ішінде білім мен мәдениеттің орны айрықша саналады. Біз Қазақстанның мәдениетіне



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

тәңтіміз. Тек өзіміз тәңті болып қана қоймай, сырт елді де қызықтыра алуымыз қажет. Олар сан ғасырлық көшпелілер руханиятын, өркениетін, тұрмыс-салтын, әдет-ғұрпын сезіне алуы қажет. Егер осы аталған ойларымызды тәжірибе жүзінде іске асырсақ, озамыз. Бұл үшін адамзатқа ең қажеттісі – білім. Бұны осылай шегелеп айтуымыздың өз жөн-жосығы бар. Өйткені мәдениетті әне бойымен сезінген тұлғаға ілім ауадай керек. Сонда ғана мәдениеттің маңызы артып, білім кең канат жаяды. Осындай игі істердің жалғасын тауып жатқанына шын жүректен қуаныштымыз. Жасап жүрген тың шаруалар аға ілгерілей бергей, – деді спикер Валерий Толмачев.

Жаһандағы геосаяси жағдай мың құбылып келеді. Осы тұста дүниежүзі халықта-

рының ауызбіршілігі бәрінен қымбат екені ақиқат.

– Мұндай іргелі істердің атқарылып жатқаны қуантады. Әлемдік тәжірибеде адамзат баласына ең қажеттісі білім мен мәдениет екені айқын. Бұл жолда қызмет істеп жүрген жандар халықаралық мәдениеттің орнының маңыздылығын жете түсінеді деген ойдамыз. Сонымен қоса соңғы жылдардағы пандемиялық ахуал әлемді әбігерге салды. Соның салдары «офлайн» және «онлайн» терминдерін тудырды. Мұның соны геосаяси тұрақсыздыққа тіреді. Дегенмен барлық мәселе келісім арқылы шешіледі. Осындай келеңсіз жағдайлар салдарынан әрбір 78 мыңыншы адам өз үйін тастап, сырт жаққа жол тартуға мәжбүр. Сондықтан түрлі қақтығыстардың алдын

алу үшін өзара түсінушілік пен үйлесім маңызды, – деді, ЮНЕСКО-ның Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар секторының директоры Анжела Мело.

Жиынның ауқымы әлеуметтік капитал, құндылықтар жүйесі, білім беру ортасындағы бағалау критерийлерін қадағалау болып табылады. Сонымен бірге, мәдениетаралық диалог, түсіндіру, түсіну мәселелері, түсіндіру әдістемесіне арналған. Максаты – білім беру сапасын арттыру үшін теория, практика сессияларының тақырыптары бойынша өзара тәуелділік, мәдениетаралық құзыреттілікті дамыту мүмкіндіктерін табу үшін педагогтар мен ғалымдардың диалог алаңын құру. Мұның аудиториясы – Орталық Азия, Ресей, Әзербайжан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан аумақтарына таралған.

КӨРМЕ

ЖОҒАРЫ САПАЛЫ ТАБИҒИ АЗЫҚ-ТҮЛІК

Қазақстандық бес компания Гонконгтың беделді көрмесіне қатысады



Алматы қаласының Кәсіпкерлер палатасы бұл көрмеде халықаралық сапа стандарттары мен заманауи «эко-трендтерге» жауап беретін жоғары сапалы табиғи азық-түлік өнімдерін өндіретін 5 ірі кәсіпорынды таныстырады. Олардың өнімдері екі павильонда ұсынылады.

Гонконгтың сауданы дамыту жөніндегі кеңесі жыл сайын ұйымдастыратын HKTDC Food Expo – халықаралық азық-түлік көрмесі биыл да жалғаспақ. Көрме 11 тамызда, яғни бүгін шымылдығын ашады.

Алматы қаласы Кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары Ақеркін Ералиеваның айтуынша, азық-түліктің қауіпсіздігі мен пайдасы, дұрыс тамақтану мәселелері бүгінде өзекті. Қазір нағыз органикалық өнімді табу қиын. Сондықтан әлемдік көрме аландары эко-өндірушілерді шақырып отыр. Food Expo халықаралық көрмесіне қатысатын қазақстандық компаниялар – ішкі нарықтың жетекші кәсіпорындары және шетелде бәсекеге қабілетті. Ал Гонконг нарығы өнімді Азия және әлемдік нарықтарға ілгерілету тұрғысынан өте ыңғайлы. Гонконг әлемдегі ең ірі порт және қаржы ор-

талығы. Біздің компаниялардың осы көрмеге қатысуы олардың жоғары деңгейін көрсетеді.

Мәселен, көрмеде брикеттелген және консервіленген халуа, қатпарланған нан өнімдері мен пряниктер, карамель, таңғы асқа арналған құрғақ тағамдар, вафли роллдарын ұсынатын Алматының жоғары сапалы өнімдері қазақстандық конди-терлік өнімдер нарығының 2002 жылдан бергі лидері болып есептеледі. Әсіресе, балалар сүйіп жейтін печеньелер заманауи жабдықпен қамтылған, халықаралық сапа стандарттарына жауап беретін технологиялармен жасалады.

Арал көлінің түбінен өндірілетін табиғи тұз да көрме төрінен орын алмақ. «Ozero» брендімен ұсынылатын тұз ЭКО, БИО және ХАЛАЛ сертификаттарын алған, қоспалар мен зиянды заттарсыз 100% табиғи өнім.

Келесі компания жоғары сапалы, піскен жемістер мен көкөністерден жасалған, пастерленген және асептикалық пакеттерге немесе шыны бөтелкелерге құйылған шырындар өндіреді. Компания өнімнің жарамдылық мерзімін сұйық тамақ өнімдерін қаптаудың заманауи технологиясын қолданады. Сауда маркасындағы шырындар тек экологиялық таза өнімдерден өндіріледі. Көрмеде табиғи алма, алмұрт, жүзім, мультифрут, қызанақ шырындары ұсынылады.

Көрмеде азық-түліктерден бөлек малды бордақылау, сою, етті қайта өңдеу және сату бойынша толық циклді кәсіпорын да өз өнімдерін ұсынады. Негізі 2008 жылы қаланған компания Қытай, Парсы шығанағы және ТМД елдерінің нарығына ет өнімдерін ірі экспорттаушылардың бірі атанған. Компания сапа стандарттарын сақтауға ерекше көңіл бөледі, нарықтың қажеттіліктерін және мақсатты аудиторияның қызығушылығын ескереді.

Елімізде жоғары сапа, кең ассортимент пен икемді баға саясаты арқылы танымал компаниялар көп. Солардың бірі аталмыш көрмеде әлемдік стандарттарға сәйкес келетін макарон өнімдерін көрсетпек. Көрмеде компанияның макарон өнімдері, жоғары сұрыпты ұн, бұршақ, сұлы ботқасы, ұнтақ жарма, ұзын дөңді және классикалық дөңгелек дөңді күріш, ұзын дөңді буланған күріш, арпа жармасы, қарақұмық жармасы және таңдаулы тары, хош иістендірілген вафли, шоколад глазуріндегі мини-вафли, қаптамадағы печенье ұсынылатын болады.

Жыл сайынғы HKTDC Food Expo көрмесіне қатысу азық-түлік және сусын жеткізушілеріне жаһандық сатып алушылармен өзара әрекеттесуге және тұтынушылар арасында танылуға мүмкіндік береді. Соңғы көрмеде 23 елден және өңірлерден 1560-тан астам экспонат қойылып, 51000-нан астам сатып алушы мен қоғам өкілдері жиналды.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!



ЕКІ КӨШЕНІҢ БАҒЫТЫ ӨЗГЕРЕДІ

Алматыда екі көшенің қозғалысы ішінара бір бағытты болады. 11 тамыздан бастап Шәкәрім және Есенжанов көшелерінің қолданыстағы қозғалыс сызбасына өзгерістер енгізіледі. Батыс бағытта Есенжанов көшесі бойымен Брусиловский көшесінен Тілендиев көшесіне дейін, ал шығыс бағытта Шәкәрім көшесі бойымен Тілендиев көшесінен Брусиловский көшесіне дейін бір бағытты көлік қозғалысы қарастырылған.

Бұл шаралар қала әкімінің Алматы ауданының тұрғындарымен есеп беру кездесуінде аталған аудан тұрғындарының өтініштері негізінде, сондай-ақ көліктердің өткізу қабілетін арттыру және апатты жағдайларды азайту мақсатында қолға алынды. Жұмыстарды Қалалық мобильділік басқармасы уәкілетті орган Алматы қаласы ПД Әкімшілік полиция басқармасымен бірлесе отырып жүргізеді.

Өзгерістердің енгізілуіне байланысты қозғалыс бағыттарын алдын ала белгілеуді және ҚР жол қозғалысы Ережелерінің барлық талаптарын сақтауға кеңес береміз.

Бетті әзірлеген
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



АЛМАТЫЛЫҚТАРДЫ НЕ ТОЛҒАНДЫРАДЫ?

АЛМАЛЫ АУДАНЫ

Театрдың айналасы неге жұтаң?

Технология қарыштап дамып, интернеттің заманы жүріп тұрса да, біздің редакциямызға талап-тілегі мен арыз-шағымдарын хатқа жазып алып келетін ағайын көп. Солардың бірі, алматылық Аида Қанағатқызы. Қала тұрғыны Абай даңғылы бойындағы М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық академиялық драма театры маңайындағы жұтаң көріністі қағаз бетіне былайша баяндапты.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

«Жаз мезгілі алыс-жақыннан қыдырып келетін немесе өзін қонақ болып, ел аралайтын уақыт қой, негізі. Бізде де солай. Үйімізге ауылдан туысқан апаымыз отбасымен (екі баласын алып) қыдырып келген. Өздері алыс жаққа көп жолаушылай бермейтін жандар. Бір келгенде жақсылап қонақ етіп күтейік деп, қалаған жақтарына қыдыртып жатырмыз. Күндіз балаларды паркке, ойын аттракциондарына, киноға апардық. Кеше бассейнге шомылып қайтты. Енді Алматының орталығындағы мәдени орындарды көрсетейін деп ойлап, спектакль көрмесек те, театр жаққа (Абай даңғылының бойымен) серуенте шықтық. «Қазақ өнерінің қара шаңырағы саналатын М.Әуезов атындағы театрға, одан кейін цирк, Неке сарайы бар, сәл жүріп, Есентай өзенінің жағалауымен серуендеп қайтайық» деп сыртқа шықтық. Театрдың қасына келгенде әлгі қыдырамыз, серуендейміз деген көңілім су сепкендей басылып қалды. Неге дейсіз ғой? Бір кездері айналасы жасыл желекпен көмкеріліп, раушан гүлдері жайқалып тұрушы еді. Бүгінде сол көріністің

бірі де қалмапты. Өзіміз талай қыдыратын театрдың маңайында субұрқақ атқақтап, айналасы балалардың шуылына тұнып тұратын. Жас та, жасамыс та Әуезов мүсінінің қасында, анадайда жайқалып тұратын қызылды-жасылды гүлдердің ортасында суретке түсетінбіз. Театр қызметкерлері жазғы демалысқа кетсе де, қара шаңырақтың тіршілік қазаны, міне, осылай қайнап жататын. Сол көріністер әлі де жалғасып жатыр деп ойласам керек, театрдың маңайындағы жағдайды көріп, көңілім қатты құлазыды. Субұрқақтары бос. Гүлдері де көрінбейді. Қонаев заманында жасалған гранит плиткелар уақыты жетіп тозған да болар, түсіп жатыр. Құдды бір, иесіз қалған ескі үй секілді болып қалыпты. Театр аумағы неге мұнша жұтаң күйге түскен? Оған кім жауапты? Жұмыс орнымыз біздің екінші үйіміз емес пе? Неге басшылық айналасына сонша салғырт қарап отыр? Әлде, бұл аудан әкімдігінің міндетіне кіретін аумақ па?..

Ал енді салыстырмалы түрде осы Абай даңғылының бойындағы Лермонтов атындағы орыс драма

театрының маңайын қараңызшы. Жаның жадырайды. Айналасы құлпырып, шыршаларымен бірге жасыл желегі жайқалып тұр. Арықтан су сылдырап ағып жатыр. Түкті кілемдей жайқалған гүлдері қандай керемет. Көрініске қарап мұнда сұлулыққа жаны құмар, еңбеккер жандардың қызмет ететінін бірден аңғарасың. Әр адам өзінің өмір сүретін һәм қызмет ететін ортасын осындай әсемдікке бөлей білсе, шаһарымызда әдемі де сұлу жерлер көбейе түспей ме. Қаламыздың ажарлана түсуі бірінші кезекте осындай мәдени орындарына да байланысты ғой. Мұндай театрға спектакль көруге барудың өзі қуаныш. Спектакль ортасындағы үзіліс кезінде субұрқақтың салқын лебімен, көлеңкеде демалуға болады. Театрдың ауласы күнде сыпырылып, ағаштар уақытылы суғарылады. Біле білсеңіз, бұл жердің жасыл қорға бай болуының сыры да осы күтімге байланысты. Ал күтім бар жерде, тіршілік бар. Адамға жайлы атмосфера, жақсы көңіл күй сыйлай алатын әдемі аура бар. Ендеше, неге ұлттық театрдың айналасы қу даладай қаңырап тұр? 50 метр жерде өзен ағып жатыр. Неге жасыл желек суарылмайды? Айнала неге жұтаң? Әрі-беріден соң бұл театр Алматының шетелдіктерге мақтанып тұрып көрсететін мәдени орындарының бірі емес пе?! Басқа-басқа, менің ойымша, мәдениеттілікке, имандылыққа бастайтын өнер ордасы дәл осындай жұтаң күйге түспеуі керек еді. Керісінше, қала орталығындағы ұлттық театр сыртқы көрінісімен де өзгеге үлгі болуы тиіс. Сондықтан театр айналасын қараусыз қалдырмай, ретке келтіру қажет деп есептеймін», – делінген хатта.

Рас, әдемілікті ұнатпайтын жан жоқ. Жайқалып өсіп тұрған жасыл желек кез келген жанға көтеріңкі көңіл күй сыйлайтыны сондықтан. Бұл тұрғыда қала тұрғынының талап-тілегі орынды, ойы дұрыс. Біз осы мәселенің жай-жапсарын білу үшін театр әкімшілігіне хабарластық. Телефон тұтқасын көтерген бойжеткен: «Қазір театр қызметкерлерінің барлығы жазғы демалыста. Бұл аймаққа Алмалы ауданының әкімдігі жауапты» деген соң, ауданның көріктендіру бөліміне хабарластық. Әдеттегі көрініс. Телефон тұтқасын ешкім көтермеді.

шуылы мен кафедегі музыканы салыстыруға келмейді. Егер кафе үйіңізге 200 метр ғана қашықтықта тұрса, ұйықтау былай тұрсын, терезе ашу мүмкін емес. Әйтсе де, тыныштық туралы заңды әлі ешкім жойған жоқ. Жарайды, демалыс күндері түнгі 24.00-ге дейін музыка қосуға болады, бірақ күн сайын түнгі екіге дейін емес қой», – дейді.

Дәурен Асқаров есімді желі қолданушымыз үйінің қасында аты аңызға айналған «Арабис» кафесі бар екенін, оның жазғы алаңда тұн ауғанша жұмыс істейтінін айтады. «Біздің бағымызға қарай, мұнда музыка қоспайды, бірақ кальяң шегеді. Түтіні терезеден кіреді, бұл туралы қанша айтсақ да ешкімнің шамасы келмеді», – дейді ол.

Жалпы, елімізде «Тыныштықты бұзу» туралы (437-бап) заң бар. Егер жеке тұлғалардың қалыпты демалысы мен тыныштығына кедергі келтіріп, түнгі уақытта (сағат 23-тен таңғы 6-ға дейін) тыныштықты бұзса, оның ішінде тұрғын үй-жайларда және олардың сыртында шуғыл қажеттілікпен байланысы жоқ шу шығаратын жұмыстар жүргізілсе – жеке тұлғаларға – бес, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – жиырма, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – отыз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салатын заң бар.

ӘУЕЗОВ АУДАНЫ

Арық қоқысқа тұншығып тұр



Жұбанов көшесінің бойындағы (көшенің оңтүстік жағы) арық қоқысқа толып қалған. Арнадағы су сол қоқыстардың көптігінен бітеліп, ақпай, сыртқа жайылып жатыр. Тұрғындардың айтуынша, жайылған су

Қабдолов көшесіне жеткен. Тіпті, иістене бастаған көрінеді. Ал бұл манда емхана бар. «Қазір балаларды мектепке дайындап жатқан ата-аналардың қарасы көбейді. Сондықтан бұл маңмен жүретіндердің саны артты. Бұл жайтты құзырлы орын қызметкерлері білгенімен, қазірше ешкім қимылдамай отыр. Егер суды тазартпаса, жайылған судан аяқ алып жүре алмай қаламыз» дейді тұрғындар.

Бет қатталып жатқанда, неше күннен бері дабыл қағып, алаңдап жатқан тұрғындардың өтініші орындалғанын білдік. Редакциямызға хабарласқан Айдын есімді қала тұрғыны арықтарды Әуезов ауданы «Тазалық» МКК-ның жұмысшылары келіп тазалап жатқанын айтты.

АЙТЫЛДЫ – ЖАСАЛДЫ

Құдық беті жылдам жабылды



Қала әкімі Ерболат Досаев аудан тұрғындармен кездесулерінде сала басшыларына үнемі тапсырма беріп, халықтың сұранысы қашанда бірінші кезекте тұруы керек екенін ескертіп отырады. Әсіресе, кездесу барысында тұрғындар тарапынан қойылған сауалдар мен шағымдар ескерусіз қалмайды.

Жалпы, алматылықтар қала өміріне бей-жай қарамайды. Шаһардың тыныс-тіршілігінің үнемі бақылауда екенін біз әлеуметтік желі немесе редакцияға қоңырау соғатын тұрғындардың белсенділігінен байқаймыз.

Бұл деген өте жақсы үрдіс. Коммуналдық қызмет өкілдері үшін де кәдімгідей көмек. Тұрғындардың атсалысуымен қалада қаншама апатты жағдайлардың алдын

алып жатырмыз. Орайы келгенде біз де қала халқына өз ризашылығымызды білдіреміз. Демек, өзгенің өміріне алаңдап, дерек пен дәйекті дер кезінде жеткізу арқылы да сауапты іс жасауға болады. Мәселен, Зираш есімді желі қолданушымыз Қазыбек би көшесінің төменгі жағында – Шәріпов пен Шағабутдинов көшелерінің арасында құбырдың беті ашық жатқанын көріп, әлеуметтік желідегі парақшалардың біріне жазды. Әлеуметтік желіні қалт жібермей қадағалап отыратын Алмалы ауданының коммуналдық шаруашылық мамандары ақауы бар құдықтың бетін сол мезетте-ақ жауып тастады. Егер қала тұрғындарының өтініші үнемі осындай жылдамдықпен қолға алынып, орындалып жатса, нұр үстіне нұр!

ЖАНАЙҚАЙ

Ұйықтай алмаймын...

Үйіңе жақын маңда көпшілік бас қосатын орындар болса, онда сіздің ұйқыңыздан маза кеткені кеткен. Алматылықтар түнгі уақытта музыка қосатын демалыс орындарының жұмыстарына наразы.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

«Сайран көлінің шығыс жағалауындағы «Янтарный берег» кафесінің басшылығына түнгі сағат 23.00-ден кейін музыка қоспауды өтініп, бірнеше мәрте бардым. Алайда, менің сөзімді кафенің қожайыны шыбын шаққан құрлы көрген жоқ. Соған қарағанда, «дөкей көкелері» бар-ау?! Себебі, біздің мұндай өтінішімізді «102»-де, түсірген бейнежазбамыз да шеше алмайды екен. Түнгі уақытта дабырлата музыка қосып, тұрғындардың мазасын кетіретін орындарға неге шектеу жоқ? Неліктен біз, жақын маңдағы тұрғын үйлердің тұрғындары түнгі сағат екіде музыка тыңдауымыз керек? Менің түн ортасына дейін ессіз музыка тындамай, алаңсыз ұйықтауға құқы бар шығар», – дейді

Жазира Айымхан есімді желі қолданушы.

Тұрғынның сауалына желі қолданушыларының пікірі екіге бөлінді. «Сіз стадионның қасынан үй сатып алып, матч өтпесін» дегеннің керін келтірдіміз ғой. Мәселен, менің үйімнің терезесі Абай даңғылы жаққа қарайды. Бірақ мен «балаларым немесе үлкен кісілер ұйықтауы керек» деп, жолды жаптырып тастай алмаймын ғой» деп мысқылдаса, келесі адам үй аларда жан-жағыңызға қараңыз деп кеңес берді. Ал үшіншілері «мұндай түнгі демалыс орындары мегаполисте көп. Бірақ олардың түнгі сағат 23.00-ден кейін дауысын қатты шығаруға құқы жоқ» деп есептейді. Ал 2010 жылы бой көтерген «Қау-сар» ЖК-ның тұрғыны: «Көшенің

P.S.

Құрметті оқырман, егер сізді Алматының тыныс-тіршілігіне қатысты мәселелер толғандыратын болса, газетіміздің Facebook, Instagram әлеуметтік желілеріндегі парақшаларына жазылыңыз. Оған мүмкіндік болмаса, редакциямызға 232-36-54 телефонына хабарласуыңызға болады.

Бетті әзірлеген
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



ЖОЛДАУ ЖӘНЕ ЖҰРТШЫЛЫҚ



Мейрамгүл ИСАЕВА, Ерзинжан Биналы Йылдырым университетінің Құқық факультетінің докторанты (Түркия), Саяси зерттеулер орталығының ғылыми қызметкері

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНҒА ЖОЛ АШЫҚ

ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың 2022 жылғы 16 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауының негізгі тақырыбы «Жаңа Қазақстан» концепциясы туралы болатын. Президентіміз «Жаңа Қазақстан» құрудағы нақты бастамаларды айтып, бұл бастамаларды жүзеге асыру мақсатында Конституциямыздың баптарына өзгеріс енгізу қажеттілігі туындайтынын да атап өтті.

Конституциямыздың 30-дан астам бабына өзгеріс енгізілгені, сонымен қатар 20-ға жуық заңдар қайта қабылдануы аталған концепцияны жүзеге асыру механизмінің негізгі талаптары болып табылады. Конституциялық реформа үшін тәжірибелі мамандардан тұратын арнаулы жұмыс тобы тарапынан әзірленген жоба Конституциялық кеңеске ұсынылды. Конституцияның үштен біріне өзгеріс енгізіліп, мүлдем жаңа сипатқа ие болғандықтан, халықтың ойы ескеріліп қабылдануы тиіс деген мақсатпен референдум өткізіледі деген шешім қабылданды. Конституциялық өзгерістерге байланысты жалпыұлттық референдум 5 маусымда өтті. Бес негізгі бағытқа негізделген: билік уәкілеттіктерді трансформациялау, суперпрезиденттік мемлекеттен мықты парламенттік мемлекет моделіне көшу, парламент палаталарының рөлін күшейту, халықтың мемлекет

басқаруға қатысуын қамтамасыз ету, азаматтардың конституциялық құқығын қамтамасыз ету мақсатында Конституциялық сот құру жүзеге асты.

Аталған реформаларды мемлекеттің саяси жүйесін трансформациялау ретінде сипаттауға болады. Бұл трансформация Екінші Республиканы құру, яғни «Жаңа Қазақстанды» қалыптастыруға бағытталған. Президент Қ.К.Тоқаев жаңа мемлекеттік үлгіге, мемлекет пен қоғамның өзара іс-қимылының жаңа нысанына көшу болатынын және бұл сапалы өзгерісті «Екінші Республика» деп атауға болатынын атап өткен болатын.

Конституцияға референдум арқылы өзгертулер енгізу – халық қалауын есепке алып жүзеге асыру болып табылады. Қазақстанда соңғы рет 1995 жылы қолданыстағы Конституцияға байланысты референдум 27 жыл бұрын өткен және мұндай маңызды шешімдер «Жаңа Қазақстанды» құру кезеңінде халықтың қолдауымен қабылдануын елдің демократияны жетілдірудегі бір көрінісі деп бағалауға болады. Конституцияны жалпыхалықтық дауыс беру арқылы өзгерту халық қалауының ескерілуі, ел тағдырын анықтауға әрбір азаматтың тікелей қатысуы «Жаңа Қазақстанды» құру жолындағы үлкен қадам болып табылады.

1995 жылғы референдумнан кейін жүргізілген бұл референдумнан «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасындағы қызметтердің жүзеге асырылып отырғандығын байқауға болады. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының негізгі қағидаттарының бірі мемлекеттік маңызды шешімдерді қабылдауда халық пікірімен санасу болып табылады.

Қазақстан тәуелсіздік алған жылдардан бері Конституциямыздың бірнеше рет өзгеріске ұшырағаны белгілі. Бірақ Конституциядағы бұл өзгерістер Парламент қарауында қабылданып рәсімделетін. Бұл жолғы Конституциялық өзгерістің референдумға ұсынылып отырғанын демократияның дамуының бір көрінісі деп те қарастыруға болады. Референдум жүргізу нәтижесінде қоғам мүшелерінің саяси процеске қатысуы азаматтардың саяси белсенділігінің артуына және саяси мәдениетінің қалыптасуына әсер етті. «Жаңа Қазақстан» концепциясы әділетті қоғам құру, азаматтардың өзекті мәселелерін шешу мақсатында жүргізілуі керек. Қарқынды өзгеріп жатқан әлемде ұлттық бірегейлікті нығайтудағы «Жаңа Қазақстан» идеясы азаматтардың белсенді қатысуы арқылы елдің жаңаша дамуына бағыттады.

Алмас ОРАЛБЕК, PhD докторанты

БОЛАШАҚҚА СЕНІМ ЗОР

Алдағы күндерге үмітпен, сеніммен қарайтын халқымыз Президент Жолдауынан айрықша өзгерістер мен тың жаңалықтар күткені анық. «Бүгінгі Жолдаудың мән-маңызы айрықша» деп бастаған Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев елімізде орын алған түрлі аласапыран оқиғалар мен түйткілді мәселелерді талдай келе, осыған дейінгі жіберілген ағаттықтардан сабақ ала отырып, сол күрмеуі қиын мәселелерді шешудің жолы ретінде өзгерістер жасаудың жаңа кезеңі келгендігін алға тартты, сондай-ақ Қазақстан халқына саяси жаңғыртудың кешенді бағдарламасын ұсынды.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі саяси-экономикалық, әлеуметтік өзгерістердің өзектілігін әлемдік ірі тәжірибелермен сабақтастыра келе, «саяси жаңғыру болмаса, елімізді орнықты дамыту, ауқымды әлеуметтік-экономикалық өзгеріс жасау мүмкін емес» екендігін баса айтты.

Президент өз Жолдауын «Бағдар мен белес», «Таным мен тағылым» «Қоғам мен құндылық», «Ұлағат пен ұстаным» сияқты тараулармен тарата айтып, Тәуелсіздік алғалы 30 жылдан бергі түрлі саладағы қордаланған мәселелерге баса мән берді. Еліміздің даму жолында тұрақтылық пен бейбітшіліктің бұзылмауын, теріс пиғылды күштердің арам ойларына тосқауыл қойып, ел тыныштығын сақтап, халықтың бейбіт күнде шат-шадыман өмір кешуі үшін, ел арасында бірлік, ынтымақ, ауызбіршілік ауадай қажеттігін, сонымен қатар халық денсаулығы, құқықтық нормативтердің сақталуы, сапалы білім, т.б. мәселелерді басты нысана ете отырып, мемлекет пен халықтың арасындағы сенімді күшейтудің маңыздылығын қадап айтты. Сонымен бірге, саяси реформаларының бұл төрт топтамасы халықтың ой-пікірімен санаса отырып, «естітін мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асырудың алғышарты болып табылды.

«Елу жылда – ел жаңа» дегендей, қандай да бір тарихтың өтпелі кезеңі болады. «Жаңа Қазақстан» бастамасы еліміз өркендеуінің тағы бір жаңа кезеңге бет алған тағы бір серпінді кезеңі деуге болады. Сол себепті, бұл бастаманың халқымыз үшін, жарқын болашақ үшін қай жағынан алып қарасақ та, мәні де, маңызы да аса зор деп санаймын.

Әзірлеген Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.

МӘДЕНИЕТ



СҮЙІНІШІ ХАБАР

Есту қабілеті нашар бишілерден тұратын қазақстандық театр ұжымы АҚШ-та жүлделі орындардан көрінді.

Қазақстандық Sensitive би театрының ұжымы АҚШ-та өткен әлем чемпионатының Гран-Приін жеңіп алды. Әлемнің 72 елінен келген 3 мыңнан астам өнерпаздың ішінен жерлестеріміз топ жарды. Финалда отандастарымыз Америка, Ирландия, Франция, Австралия, Канада және Германия елінің бишілерімен бақ сынасты.

Айта кету керек, Sensitive бал биі театры қатысушыларының құлағының мүкісі бар. Олар Солтүстік Қазақстан облысындағы арнайы есту қабілеті бұзылған балаларға арналған мектеп-интернатының тәрбиеленушілері мен түлектері. Бұған дейін өнерпаздар

көптеген беделді халықаралық байқаулардың жүлдегері атанған.

– Эмоциямыз деген керемет. Ел намысын осындай деңгейде қорғап, жеңімпаз атану – біз үшін зор мәртебе. Әлемнің мықтылары жиналған сайыста өнер көрсету, әрине, оңай болған жоқ. Бірақ біздің ұжым – ұйымшыл, бірлігі жарасқан топ. Соның арқасында біз финалға өтіп, Гран-При жеңіп алдық. Шынымды айтсам, қазылар алқасы жастардың құлағының мүкісі барына сенген жоқ. Себебі, олар барлық биді кемшіліксіз орындап шықты, – дейді Sensitive би театрының көркемдік жетекшісі Ольга Ростовщикова.

Музыканы құлағымен емес, жанымен сезінетін талант иелері шетелдік сахнада 3 бірдей қойылым ұсынып, қазылар алқасын тәтті еткен. Танго, самбо және казактың ұлттық биі. Соңғысын жастар финалда көрермендерге ұсыныпты. Қатысушыларға баржоғы 1 минут берілген екен. 60 секундтың ішінде көздің жауын алатын костюм киген өнерпаздар таңдай қақтыра билепті.

– Біз әлем чемпионатында Петропавлдың ғана емес, бүкіл Қазақстанның намысын қорғаддық. Бұл – өте үлкен жауапкершілік. Сондықтан барымызды салдық. Таңертеңнен кешке дейін үзіліссіз дайындалдық. Гран-При жеңіп алғанмызға басында сенбедік. Сол сәттегі сезімді сөзбен айтып жеткізе алмаймыз. Бізді қолдап, қолпаштаған жандарға алғыс білдіреміз, – дейді Sensitive би театрының мүшесі Айнур Саинова.

Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.

КИНОФЕСТИВАЛЬ

Италияға жол тартты

«Alga/Na Старте» фильмі Италияда өтетін фестивальге қатысады.



Ернар Нұрғалиевтың «Alga/Na Старте» спорттық фильмі Италияда 7–13 қараша аралығында өтетін әлемдегі ең көне және беделді кинофестивальдердің бірі – спорттық фильмдерге арналған Paladino d'Oro Sport Film Festival фестиваліне қатысады. Ол туралы кинотуындының бас продюсері Максим Акбаров хабарлады.

– Фильмнің әлемдік тұсаукесері Италияда өтетініне өте қуаныштымыз. Осы жаңалықпен картинаның шығармашылық тобын құттықтаймын. Мотивацияға толы біздің фильм итальяндық көрермендердің көңілінен шығады деп сенемін, – деді продюсер.

Осымен 42-ші рет өткізілетін Paladino d'Oro Sport фестиваліне биыл 27 елден 150 өтінім келіп түскен екен. Фестиваль шеңберінде көрсетілетін фильмдер 17 номинация бойынша бақ сынайды, олар: «Үздік фильм», «Үздік сценарий», «Үздік режиссер», «Үздік актер», «Үздік операторлық жұмыс» және

т.б. Фестиваль жеңімпаздары қарашаның 13-і күні жарияланатын болады.

Айта кеткен жөн, «Alga/Na Старте» фильмінде әкелері дүниеден өткен соң қарақшылықпен айналысып жүрген екі ағайынды туралы баяндалады. Ауыл аралап, дарынды жастарды іздеп келген жеңіл атлетика бойынша бапкер жігіттерді байқап, оларды спортқа шақырады. Өз өмірлерін өзгертуге талпынған ағайындылар көптеген қиындықтарға тап болса да, марафонға қатысып, әлем чемпионынан озып шығуға тырысады.

Фильмді Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы қолдауымен Golden man media компаниясы түсірген. Кинотуындының түсірілімдері Алматы және Алматы облысында жүргізілген. Фильм биыл сәуір айында көрермендерге ұсынылған болатын.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.



БРИФИНГ

ЕКПЕ АЛҒАН АДАМ өзін қауіп-қатерден қорғайды



Алматы қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің өкілі Гүлжайнат Тілеген Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте қаламыздағы COVID-19 жұқтыру деңгейі туралы айтып берді.



Ақтолық ТҮРЛЫҒАЗЫ

Маманның пікірінше, коронавирустың жаңа нұсқаларына қарсы қорғану шаралары бұрынғысынша сақталады. Мегаполис тұрғындарына вакцина мен қайта екпе алуды жалғастыру қажет.

Гүлжайнат Тілеген дәрігерлердің аурумен қалай күресетінін айтып берді.

«8 тамызда Алматыда коронавирустық инфекцияның 200 жағдайы тіркелді, оның ішінде 193 жағдай ауру белгісімен. Бүгінгі таңда қала стационарларында 123 науқас емделуде, барлығы 500 төсек-орын бар.

Дәрігерлердің бақылауында 1662 пациент бар», – дейді Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының өкілі.

Г.Тілегеннің айтуынша, негізгі алдын алу шарасы коронавирустық инфекцияға қарсы вакцинация және ревакцинация болып қала береді. Ол Алматыда халықты жаппай вакцинациялау өткен жылдың 2 сәуірінде басталғанын еске салды. Бүгінгі күні 88 вакцинация пункті, толық режимде 315 адамнан тұратын 99 егу бригадасы жұмыс істейді.

«Бүгінгі таңда препараттың бірінші компонентімен 1 241 540 адам, екінші компонентімен 1 207 511 қала тұрғыны егілді. Pfizer

(Comirnaty) вакцинасымен 119 065 адам егілді, оның ішінде 4684 жүкті әйел, 15 896 бала емізетін әйел және 55 045 жасөспірім бар. 2021 жылғы 22 қарашада басталған ревакцинациядан кейін 606 513 адам қайта екпе алды», – деп атап өтті ҚДСБ спикері.

Журналистердің сауалына жауап берген Алматы қалалық ҚДСБ өкілі Гүлжайнат Тілеген мегаполисте барлық вакциналар жеткілікті мөлшерде екенін айтты. Мысалы, «Синофарм» VeroCell вакциналары 52 658 мың, Qaz Vac – шамамен 2 мың және Pfizer (Comirnaty) шамамен екі мың доза.

Қыркүйек пен қазан айларында Алматыға Qaz Vac 28 200 дозада және Pfizer (Comirnaty) 26 910 дозада түседі деп күтілуде. Соңғы препарат әсіресе жасөспірімдерге, жүкті және бала емізетін әйелдерге арналған. Сондай-ақ, ол үшінші вакцина, яғни ревакцинация не үшін қажет екенін еске салды.

«Вакцина алған адам өзін қауіп-қатерден қорғайды және ауруларды жеңіл түрде қабылдайды. Зерттеулер коронавирустық инфекциядан қорғаныс вакциналардың алғашқы дозаларын алғаннан кейін, әсіресе әртүрлі штамдардың басым болуына байланысты уақыт өте келе төмендей бастайтынын дәлелдеген. Біз бірнеше толқындарды, жаңа штамдарды бастан өткердік. Көріп отырғанымыздай, вирус әрбір толқында әлсіреп, мутацияға ұшырайды. Екпе алған адамдар анағұрлым ауруға төзімді, иммунитеттің әлсіреуі екпеден алған соң 6–12 айдан кейін басталады. Вакцинадан кейінгі иммундық реакцияны күшейту үшін ревакцинация қажет», – деп түсіндірді ҚДСБ өкілі.

ЕСКЕРГЕН ЖӨН

Елімізде жылдан-жылға көзі нашар көретін бала саны көбейіп барады. Дәрігерлер жүргізген медициналық тексерудің қорытындысы бойынша 60 490 оқушының көру қабілеті нашар екені анықталып отыр.

БАЛАЛАРДЫҢ КӨЗІ НАШАРЛАП БАРАДЫ



Бүкіл республика бойынша бұл көрсеткіш былтырғы жылмен салыстырғанда, 3 есе көбейген. Жыл өткен сайын жүйке жүйесі мен омыртқасында ақауы бар балалардың да қатары көбейіп барады. Бұл туралы вице-премьер Ералы Тоғжанов депутаттар сауалына берген жауабында айтқан болатын.

Мамандардың айтуынша, балалар денсаулығының нашарлауына гаджеттер мен компьютерді жиі қолдану және ақпараттың шамадан тыс көптігі әсер етіп отыр. Сондықтан Үкімет Денсаулық сақтау және Оқу-ағарту министрлігіне оқу үрдісіне денсаулыққа зияны аз технологияларды іріктеп, енгізу туралы тапсырма берді.

Көз – адамның 5 сезім мүшесінің бірі. Көру арқылы адам қоршаған әлем туралы ақпарат ала-

ды. Балалардың көру қабілетінің жақсы болуы өте маңызды. Өйткені, көзі нашар көретін баланың дамуы да кешеуілдейді. Балалардың көз жанарының дұрыс көрмеуі тұқым қуалайтын аурулардың салдарынан болуы мүмкін. Сондай-ақ, әйел адам жүкті кезде вирустық аурулармен ауырса, бала туа бітті көз ауруына шалдығып жатады. Кейбір көз аурулары бала өсе келе пайда болады. Көру аппаратына зақым келген жағдайда немесе орталық жүйке жүйесі бұзылса да, тіпті дұрыс тамақтанбаса, көздің тазалығына көңіл аударылмаса, балада көз аурулары пайда болады. Сондықтан көз ауруларының алдын алу үшін нәресте туа салысымен үнемі мамандарға тексертіп отыру керек.

Айнұр НҮРСАБЕТ.

ИНДЕТПЕН КҮРЕС

ІС-ШАРАЛАР КҮШЕЙТІЛДІ



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Алматы қаласының Қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты ЛА-155/6 мекемесінде таяуда 18 жасқа толған, түзеу колониясына бас бостандығынан айырылып енді түскен жастарға ковидке қарсы вакцина салынды.



Нұржамал ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ

Иә, қазір коронавирус инфекциясы әлі де алаң туғызып тұрғаны жасырын емес, сондықтан сақтықта қорлық жоқ. Түзеу мекемесінде жазасын өтеп жатқан жасөспірімдерді вакциналау жұмыстарын Алматы қаласының №5 ауруханасының медицина қызметкерлері жүргізді.

Мамандардың айтуынша, вакциналау ковидтен болатын өлім-жітім көрсеткішін едәуір төмендетеді. Сондықтан қауіпті вирусты жұқтырып, ауыр халге түспеу үшін әрбір азамат екпе алғаны тиімді деп отыр олар. Дәрігерлер вакцинаның ағзамыздың сенімді қорғаны екенін де әлі айтып келеді. №5 аурухана мамандары балалар колониясында-

ғы өзге де жастар, оның ішінде кәмелетке толмаған сотталған бозбалалар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Жасыратыны жоқ, бүгінгі күні елімізде ковидпен ауырып жатқандар арасында балалар да бар. Осы орайда айта кету керек, қауіпті індетке вакцина алмаған адамдар жиі шалдығып жатқан көрінеді. Иә, вакцина салдыру – өзіңізді коронавирустан қорғаудың жалғыз тәсілі. Ол екі кезеңде жүзеге асырылады. Бірінші кезеңінде белсенді иммундық жасушалар түзіледі. Егер біріншісінде айтарлықтай әсер байқалмаса, екінші екпе иммундық жасушаларды күшейтіп, нәтижесінде вирусқа қарсы төзімділігі ұзарады.

Қазіргі күні түзеу колониясында санитарлық-эпидемиологиялық іс-шаралар күшейтілді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

- **ТҮРКИЯДА** кейінгі аптада 406 мыңнан астам адам ковид жұқтырып, 337 науқас көз жұмған. Бір күн ішінде қайтыс болғандардың саны өткен аптамен салыстырғанда, 114%-ға көп. Елдің денсаулық сақтау министрлігі өкілдерінің айтуынша, қазіргі коронавирус тұмау сияқты, сондықтан алаңдауға негіз жоқ.
- **ЖАПОНИЯ** жеріндегі көптеген компания ковидтің жаңа толқынына байланысты өндіріс көлемін қысқарта бастаған. Мәселен, бірнеше мейрамхана жабылған. Ал істеп тұрғандары вирус таралуына жол бермеу мақсатында түскі ас уақытын бірнеше интервалға бөлген. Кейбір пошта бөлімшелері де жабылған. Себебі, қазір елде BA.5. вирусы дес бермей тұр.
- **РЕСЕЙ** елінде кейінгі тәулікте 18 мыңнан астам адамнан ковид анықталған. Бұл сәуірден бергі ең жоғары көрсеткіш екен. Сала мамандары мұны «омикронның» аса жұқпалы түрлерімен байланыстырып отыр.

МАМАН КЕҢЕСІ

КӨЛІКТЕ ЖҮРЕК АЙНЫСА...

Кейбір адамдардың көлікке мінгенде жүрегі айнып жатады. Бұл ауру медицинада «кинетоз» немесе «қозғалыс» ауруы деп аталады.



Бұл термин ең алғаш рет адамдар теңізге шыққанда пайда болған екен. Теңізшілердің толқында жүрегі айнығанда бұған көндігуден басқа амалдары болмады. Қазір де адамдар автокөлік, автобус, пойыз, ұшақ және өзге де қозғалыс көлігімен жол жүргенде жүрегі айнып жатады. Бүгінде жүрек айнуын басын жолдар баршылық.

Дәрігер Оралхан Дәуітқызының айтуынша, «қозғалыс ауруы» немесе «кинетоз» жұқпалы ауру емес. Адамның денесі физикалық тұрғыдан шамадан тыс қозғалысқа жауап ретінде тітіркенудің белгілі бір механизмдерін қосады.

Кинетоз екі жасқа дейінгі нәрестелерде кездеспейді екен, жасөспірім балалардың жүрек айнуы саяхатқа әжептәуір кедергі келтіреді. Сондай-ақ, жүкті әйелдер «қозғалыс ауруына» сезімтал келеді. Мұндай кезде адамда құсу, жүрек айнуы, сілекейдің көп бөлі-

нуі, терлеу белгісі жиі болады және іске тым сезімтал болып кетеді. Мұндай жағдайда мамандар мынадай кеңестер береді: Сапарға шығар алдында көліктің ішін тазалап, желдетіп алу керек; жолға шығарда 1-2 сағат бұрын тамақтанған жөн, саяхат кезінде жаңғақтар, кептірілген жемістер жеп, лимон немесе имбирь қосылған су, тәтті шай ішуге болады; кинетозбен ауыратын адамдар көлікте кері бағытқа қарап отырмағаны абзал және көліктердің орта тұсында отырғаны дұрыс; машинада жатқаннан гөрі, ыңғайлы отыру керек; смартфонның, планшеттің экранына қарамаңыз, көлік жүргізу кезінде кітап оқымаңыз; қазір «қозғалыс ауруына» көмектесетін фармацевтикалық өнімдер де жетерлік, дәрі-дәрмекті нұсқауларға сәйкес қабылдау керек.

Айнұр СЕНБАЕВА.



ФОРМА

МЕКТЕП ФОРМАСЫ ӨЗГЕРМЕЙДІ



Еліміздегі мектеп оқушыларының мектеп формасы өзгермейтін болды. Оқушыларға бұрынғы алған формасымен де сабаққа қатысуына болады.

Ағымдағы оқу жылында мектеп формасына қойылатын талаптар өзгеріссіз қалады. Биыл да өткен жылдағыдай заңнамалық нормалар қолданылатын болды. Яғни оқушылар бұрын сатып алған немесе дайындаған формамен мектепке еркін келе алады.

Қазірдің өзінде ата-аналар

тарапынан кейбір мектептерде мектеп формасына қойылатын талаптар, яғни түс, киім дизайны бойынша талаптар нақты жеткізушілерге немесе өндірушілерге сәйкес жасалғаны туралы шағымдар келіп түскен.

Осыған байланысты кейбір өңірлердегі білім басқармалары, ата-аналар қауымдастығы және қамқоршылық кеңестерімен келісе отырып, әр мектеп өз талаптарын қоймауы үшін өңірде бірыңғай түсті енгізуді, сол арқылы ата-аналардың таңдауына шектеу қою жөнінде шешім қабылдап отыр.

«Бұл ретте еліміздің барлық өңірлеріндегі ата-аналардың назарын талаптардың өзгермегеніне аударғымыз келеді. Мысалы, оқушы мектепке сатып алынған немесе бұрын сол мектептің Қамқоршылық кеңесі бекіткен аға-әпкелерінен қалған форманы киіп келуіне де болады. Ата-аналардың өтініштерінен кейін бірнеше білім басқармасы қамқоршылық кеңестермен бірлесіп, облыс бойынша мектеп формасының біркелкі түсін белгілеуге шешім қабылдады. Еліміз бойынша қою көк түсті таңдады. Мектеп формасының бірыңғай түсін не үшін белгілегенімізге тоқтала кетсек. Бұл нақты жеткізушілерге талап қою тәуекелдерін барынша азайтып, қолжетімді форманы (нарықта немесе дүкенде) сатып алуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, оқу жылына дейін атаулы әлеуметтік көмек алатын немесе жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, төтенше жағдайға тап болған отбасылардан шыққан 418 мың балаға көмек көрсетіліп отыр. Оларға мектеп формасы мен кеңсе тауарларын сатып алу үшін «Жалпыға міндетті білім беру» қорынан қолдау көрсетіледі», – дейді мектепке дейінгі және орта білім комитетінің төрағасы Гүлмира Кәрімова.

МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДЫҚ

АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК

Биыл қаржылай көмек алатын барлық балаға 37 389 теңге көлемінде қаражат бөлінді

Көпбалалы отбасынан шыққан оқушыларды мектепке дайындау үшін қаражат бөлінеді.

Биылғы Балалар жылы аясында 400 мыңнан астам баланы мектепке дайындау үшін мемлекет қаржылай қолдау көрсетіп отыр. Балалардың құқығын қорғау комитеті биылғы Балалар жылында Оқу-ағарту министрлігі «Жалпыға міндетті білім беру» қоры аясында оқушыларға көрсетілетін материалдық көмек ережелеріне өзгерістер енгізіп, әлеуметтік аз қамтылған отбасының 400 мыңнан астам баласын мектепке дайындау үшін мемлекет қаржылай қолдау көрсеткенін жеткізді.

«Бұған дейін арнайы санаттағы балаларды мектепке дайындау үшін мемлекет есебінен бөлінетін қаражат мөлшері 17–40 мың теңге аралығында болса, енді бұл нормаға министрлік ұсынысы

бойынша өзгерістер енгізілді. Енді ең төменгі көмек – 37 389 теңге болады. Сонымен қатар, көмек көрсету тетігіне өзгерістер енгізілді. Енді ақша ата-аналардың шотына тікелей аударылады. Бұған дейін қажетті заттарды әкімшіліктер сатып алатын», – деді министрлік өкілі.

Сонымен қатар, биыл атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардың балалары, АӘК алмайтын, бірақ орташа табысы күнкөріс деңгейінен төмен отбасылардың балаларына да материалдық көмек көрсетіледі. Биыл қаржылай көмек алатын барлық балаға 37 389 теңге көлемінде қаражат бөлінді. Сондай-ақ, жаңа оқу жылы қарсаңында Балалар үйінің тәрбиеленушілері мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар және төтенше жағдайға тап болған оқушыларға да материалдық көмек көрсетіледі.

БАЛАБАҚША

Бағдарламалар жаңартылып жатыр



Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңа моделі және жаңа мемлекеттік стандарт бекітілді.

Балабақшада өзіне сенімді, қиындықтарға төзімді, дендері сау, ашық және креативті ойлайтын балаларды тәрбиелеу және отансүйгіштік, еңбекқорлық, білімге құштарлық сияқты құндылықтар шығармашылық пен қозғалыс белсенділігі және ойын арқылы дамытылады.

Дәл қазір, еліміздегі балабақша тәрбиешілерінің біліктілігін арттырумен қатар, балабақшаларға деген талаптарды күшейту бойынша да жұмыс ұйымдастырылуда.

ҰБТ

Мемлекеттік грант иегерлерінің тізімі жарияланды

Ұлттық тестілеу орталығы білім беру гранттары иегерлерінің тізімін ұсынды.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

9 тамызда Мемлекеттік білім беру гранттарын тағайындау жөніндегі республикалық комиссия өз жұмысын аяқтады.

Грантқа үміткерлердің өтінімдерін комиссия мүшелері қарайды. Оның құрамына министрліктің, мемлекеттік органдардың, білім саласы кәсіп-одақтарының, ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, бұқаралық ақпарат құралдары, Қазақстанның азаматтық альянсы және қоғамдық ұйым өкілдері кіреді. Талапкерлердің ҰБТ-да жинаған балдарына және бекітілген ережелерге сәйкес конкурстық негізде гранттар тағайындалады.



ЕРІКТІЛЕР

Елімізде Орта Азия волонтерлерінің бірінші форумы өтеді

Шараны ұйымдастырушы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі болып табылады.

Қазақстанда 15–19 тамыз аралығында Орта Азия волонтерлерінің бірінші форумы өтеді.

Іс-шара Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының 75-сессиясында сөйлеген сөзіндегі волонтерлерді жұмылдырудың халықаралық жылын жариялау жөніндегі бастамасын қолдауға бағытталған.

Форум Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан, Әзербайжан, Армения және Өзбекстан волонтерлерінің басын қосады.

Қатысушылар волонтерліктің жаңа үрдістерін, волонтерлікті дамытудағы Қазақстанның жақсы тәжірибесін талқылайды. Сондай-ақ, үздік жобаларды және БҰҰ волонтерлер бағдарламасын – әлемдегі еріктіліктің жай-күйі туралы «Баршаға тең қоғам құру» баяндамасын ұсынады.



Баяндама Африка, Араб елдері, Азия-Тынық мұхиты, Еуропа, ТМД, Латын Америкасы және Кариб бассейнінде жүргізілген кейстерге негізделген.

Форум 2 кезеңнен тұрады.

І кезең. 15-16 тамызда Бурабай ұлттық паркінде және Түркістан облысында халықаралық волонтерлер мен сарапшылардың қатысуымен Қазақстанның волонтерлікті дамытудағы тәжірибесін талқылау, үздік волонтерлік жобаларды таныстыру үшін офлайн форматта пікірталас өтеді. Қатысушыларды білім беру, экология, медицина, жұмысқа орналастыру,

инклюзия, бұқаралық спорт, этно-еріктілік, үздік тәжірибелер, шығармашылық аймақ және әлеуметтік шеберхананың жеке бағыттары бойынша ойын практикасы күтіп тұр.

ІІ кезең. 18-19 тамызда Елордада TEDx talks форматындағы қорытынды форум өтеді. Онда панельдік сессиялар, волонтерлік қызмет кеңесі/пулы алаңдары ұйымдастырылып, делегаттар сөз сөйлейді. Күннің негізгі бөлігінде 2022 жылы ББМДҰ-ның қарары жарияланып, арнайы сессия өтеді.

Олга ЖІГІТ.

ҚОЛДАУ

Қала мен ауыл оқушысының айырмасы бар

Үкімет отырысында Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов қала мен ауыл оқушылары арасында білім алшақтығы бар екеніне тоқталды.

– Орта білім бойынша басты мәселе – білім сапасын арттыру. Өңірлер арасындағы, қала мен ауыл мектептері арасындағы алшақтықты қысқарту бойынша жұмыс жүргізілді. Сапаны бағалау бойынша біз сыртқы және ішкі бақылау механизмдерін кеңінен қолданамыз. Осы тұрғыда біз үшін халықаралық PISA зерттеуі маңызды болып табылады. Біз осы Ұлттық жоба бойынша «Мектептерге арналған PISA» халықаралық арнайы зерттеуін өткізуді қолға алдық», – деді министр.

Жалпы, халықаралық сарапшылардың болжауына сәйкес, пандемияға байланысты PISA зерттеуі бойынша еліміздің көрсеткіштері 30–40 балға төмендегені байқалады.

«Дегенмен, 2021 жылы өткен «Мектептерге

арналған PISA» нәтижелері оқушылардың білім сапасының оқу сауаттылығы бойынша 30 балға, математикалық сауаттылық 24 балға, жаратылыстану бағыты бойынша 11 балға өскенін көрсетті. Бұл өте жақсы көрсеткіш. Ал қалалық және ауылдық оқушылар нәтижелерінің арасындағы алшақтық 22 балға, әртүрлі басқа тілде оқитын оқушылар нәтижелерінің арасындағы алшақтық 21 балға қысқарды», – деді Асхат Аймағамбетов.

Ерекше білімді қажет ететін балаларды психологиялық-педагогикалық қолдаумен қамтуды ұлғайту үшін 2021 жылы 8 ПМПК және 6 түзету кабинеті, биыл тағы 3 ПМПК мен 4 түзету кабинеті ашылды. Нәтижесінде 175 мың мүмкіндігі шектеулі бала арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаумен қамтылды.

Ел Президентінің қолдауының арқасында заңға жаңа өзгерістер енгізіліп, ерекше балалар үшін инклюзивті білімді дамытуға, кезектілікті азайтуға және мұқтаж балаларға тең білім беру қызметтерін алуға кеңінен мүмкіндік жасалды.

Бетті дайындаған Рая ЕСКЕНДІР.



НАРЫҚ

Жылжымайтын мүлік саудасы

Риэлторларға жүктелетін міндет пен заң қандай?

Жазғы демалыс уақыты бітуге таяу. Қалаға қатынап оқитын студенттер, жұмыс істейтін жастар осы мезгілде ыңғайлы әрі арзан баспана іздей бастайды. Баспана қамымен көпшілігі риэлторлар көмегіне жүгінеді.

Заң тілінде риэлтор – жылжымайтын мүлік нарығындағы жол сілтеуші делдал. Тұтынушыны жалға алатын немесе сатып алатын пәтер иесімен байланыстырып, уақытын үнемдеп, жайлы, көңілі қалағандай баспана тауып береді. Әрине, соған сәйкес еңбегінің өтеуін де талап етеді. Сенімді риэлторды табу қиын. Соңғы уақытта «алаяқ» риэлторлардың әсерінен бұл салаға деген күдікпен қарайтындар да жетерлік.

Аталмыш қызметтің басым бөлігі Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында көрсетіледі. Осы қос қалада жыл сайын алаяқтардың құрығына ілініп, сан соғып қалатындар көбеймесе, азаймайды. Олардың алдау тәсілі мынадай: әлеуметтік желі арқылы арзан пәтерді суретімен жарнама-лап, тұтынушыдан қызмет ақысын алдын ала төлеуді талап етеді. Өзі қалаған қаражатты алғаннан кейін не баспана жоқ, не ақша жоқ байланысты үзіп, ізін суытады.

Пәтер іздейтін арнайы сайттардан ұнаған үйдің суреттерінің төменгі жағына үй иесінің нөмірі жазылып тұрады. Бірақ хабарласа қалсаңыз, ол риэлтор болып шығады. Негізі риэлтордың бар міндеті – пәтер іздеушінің талап-тілектерін ескеріп, қажетті баспана тауып беру. Оған арнайы келісім-шарт керек пе? Риэлторлардың жұмысы қалай жүргізіледі?

Делдалдық қызмет көрсететін мамандардың айтуынша, жалға беруде ешқандай келісім-шарт болмайды. Ал сатып алуды және сатуда арнайы келісім-шарт болады. Себебі, ұзақ жүретін процесс. Жалға беруде тұтынушымен ауызша келісім жасалады. Бәлкім, «риэлтормын» деп алаяқтыққа баратындардың жиі кездесетіні осыдан болар.

Қалада қызметтің бұл түрімен айналысатын бірнеше компания бар. Бірақ біренсараында ғана қызмет көрсетуге рұқсат сертификат бар.

Заңгер Лаура Ербаеваның айтуынша, алаяқ риэлторлардың алдау жолы белгілі. Олар krisha.kz және olx.kz сынды сайттарға клиенттердің назарын аудару үшін жайлы және бағасы арзан пәтер суретін салып, оның құнын нақты нарықтық бағадан төмен етіп көрсетеді.



Лаура ЕРБАЕВА,
заңгер

Саланы реттейтін заң керек

– Жалған жарнамаларды анық-



тау қиын емес. Олар көбіне пәтер туралы толық ақпарат салмайды. Яғни қай қабатта орналасқанына, пәтер ауданына, суреттеріне мұқият мән берсе, бағамтордан алынған тым әдемі пәтер суреттері болады немесе шынайы өткізілетін пәтер иелерінің суреттерін көшіріп алып, өз телефон нөмірлерін жазады.

Маған заңгерлік кеңес алуға жүргінген тұтынушының мысалын айта кетсем, ол olx.kz сайтынан жалдамалы пәтер берілетіндігі жайлы жарнаманы көрген. Бағасын, пәтер суреттерін көріп, ұнатқан тұтынушы риэлторға хабарласады. Риэлтор өз тарапынан қызметіне тездетіп алдын ала төлем жібермесе, пәтерді басқа біреуге беретінін айтқан. Пәтерді көруге баруға тұтынушының жұмыстан күндізгі уақытта босатпағандықтан, бара алмаған. Ал алаяқ риэлтордан құжаттарын сұрағанда, басқа біреудің төлқұжаты мен жасанды сертификат жіберген. «Арзан пәтерден айырылып қалам ба» деп қорыққан тұтынушы ойланбастан, ақшаны алаяқ шотына салып жібереді. Қайта хабарласса, телефон нөмірі өшіріліп болған.

Ол да кәсіп түрі

Төмен және жайлы пәтерге қызығып ақшаны алаяқ риэлтор шотына аударып қоюға асықпаған абзал. Толық құжаттарын талап ету керек.

Риэлторлық қызмет көрсету де кәсіпкерлікке жатады. Сондықтан онымен айналысу үшін міндетті түрде Жеке кәсіпкер немесе ЖШС ретінде тіркелген болуы керек. ЖК немесе ЖШС ретінде тіркелген құжаттарын, жеке куәлігін, сенімхат сұрау маңызды. Көрсеткен құжаттар бойынша тұтынушы uark.kz сайтынан риэлтор ретінде тір-

келген-тіркелмегенін тексере алады. Екіншіден, заңгер ретінде риэлормен шарт жасасқан кезде шартты мұқият оқуға кеңес беремін.

Заңсыз риэлторлардың негізгі құрбандары – студенттер мен жастар. Құжатта 2 тараптың да құқықтары мен міндеттері қалай жазылғанына мән беру керек. Қызмет түріне не кіреді? Құны қанша? Қызмет уақытымен немесе мүлде көрсетілмей қалған жағдайда тұтынушының ақшасы қалай қайтарылады.

Өкінішке қарай, қазіргі таңда Қазақстанда риэлтор іс-әрекеті заңмен реттелмеген. Тек Қазақстан ұлттық риэлторлар ассоциация тарапынан заң жобасы ұсынылуда.

Егер тұтынушы пәтер алаяқтарына алданып қалған жағдайда дереу қолында бар құжаттарды (смс жазбалары, телефон нөмірі, аты-жөні, ақша аударған шот түбіртегі, тағы басқа дәлелдер) көрсетіп, алаяқтық бойынша іс қозғау үшін құқық қорғау органдарына жүгіну керек. Егер осы іс бойынша алаяқ табылып, қылмысы дәлелденген жағдайда қылмыскерге айыппұл салынып немесе 2 жылдан бастап қылмыс ауырлығына байланысты 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру жаза-сы көзделген.

Иә, жауапкершілігі төмен риэлторлардың кесірінен халық делдал қызметіне күдікпен қарайды. Бірақ көпке топырақ шашудан аулақпыз. Өзісіне жауапты, тұтынушыға адал қызмет көрсететін риэлторлар да жоқ емес. 2 жылдан бері делдалдық қызмет көрсететін маманның айтуынша, Алматы қаласында 20 жылдан астам уақыт осы салада жүрген, мыңдаған тұтынушының алғысын алған тәжірибелі, сенімді мамандар көп.



Райхан ҚАЛЫМБЕТОВА,
риэлтор

Тұтынушылардың өздері салғырттық танытады

– Көбінің санасында риэлтор деген қолында кілті бар, көше кезіп жүретін алаяқтар болып қалыптасып қалған. Алайда, мүлдем олай емес. Тұтынушы мен үй иесінің жұмыстарын жеңілдетіп, соған сай ақысын алатын қызмет көрсетуші тұлға. Біз үй иесінің толық құжаттарын тексереміз. Дұрыс емес тұстарын нұсқап, қажетті құжаттарды рәсімдеуге көмектесеміз. Өйткені, біз нені қай кезде не істеу керектігін жақсы білеміз. Содан кейін үйге барып, бөлмелерді суретке, бейнетаспаға түсіріп, тұтынушылар көре алатын арнайы сайттарға, әлеуметтік желіге жүктейміз. Тұтынушылар хабарласса, арнайы кездесу уақытын белгілеп, сату бойынша жұмыстарды бастаймыз.

Бізге көбіне тұтынушылар қызметімізді ұнатқан таныстары, туыстугандары арқылы естіп келеді.

Жұмыс тәжірибемде тұтынушылардың өздері салғырттық танытып жатады. Тұтынушылар да, үй иелері де менің, яғни риэлтордың сенімді екеніне көз жеткізбей, құжаттарды тексерместен ақшасын алдын ала аударады. Келісім-шартты соңына дейін оқымай, бірден қол қоя салатындар да бар. Бүгешүгесіне дейін сұрап, тұтынушыға сапалы қызмет көрсетуге тырысамыз.

ҚЫЛМЫС ПЕН ЖАЗА



Заңсыз несие рәсімдеген

26 жастағы К. есімді азаматша зейнеткердің сеніміне кіріп, оның жеке деректерін пайдаланып, онлайн 900 мың теңге көлемінде тауарлық несие рәсімдеген.

«Жедел-ізвестіру іс-шаралары барысында күдікті ұсталды. Ол ақшаның қажеттілігін алға тартып, істеген ісін бірден мойындады. Осы дерек бойынша ҚР ҚК-нің 190-бабына сәйкес қылмыстық іс сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізіліміне тіркелді», – деді Әуезов аудандық Полиция басқармасының басшысы, полиция подполковнигі Ұлан Әбілқайыр. Күдікті бұған дейін де осыған ұқсас қылмыс жасағаны үшін сотты болған. Іс бойынша тергеу жалғасуда.

Бетті әзірлеген Гүлжанат СЕМБАЕВА.



ИСЛАМИАДА

ТҮРКИЯДА ТОП ЖАРҒАНДАР



Түркияның Кония қаласында Ислам ынтымақтастығы ойындары өтіп жатыр. Қазақстандық спортшылар әртүрлі жарыс түрлерінен биіктен көрініп, отандық жанкүйерлерді қуантуда.

Тректегі велоспорттан Қазақстан командасының өкілдері қоржынды қос алтынмен толықтырды. «Омниум» сайыс бойынша ерлер арасында Артем Захаров, әйелдер арасында Рината Сұлтанова үздік болып, жеңіс тұғырының бірінші сатысына көтерілді. Сонымен қатар, отандасымыз Светлана Пашенко тректегі велоспорттан Ислам ынтымақтастығы ойындарының қола медалін жеңіп алды. Ол Әзбекстанның екі спортшысын алға

жіберіп, топтық жарыста үшінші орынға ие болды.

Бұған дейін велоспорттан Қазақстан командасы Ислам ынтымақтастығы ойындарында төрт жүлде жеңген еді. Әлішер Жұмақан ерлер арасындағы жекелей жарыста топ жарса, оның командасындағы әріптесі Дмитрий Носков мәреге екінші жетті. Жарыстың осы түрінен әйелдер арасында Рината Сұлтанова алтын алды. Ал Марина Кузьмина жарыс жолын үшінші аяқтап, қола алған.

Халықаралық бәсекенің өзге спорт түрлеріне тоқталсақ, үстел теннисінен Денис Жолудев қола медаль мойынға асты. Іріктеу тобынан сүрінбей өткен теннисшіміз, жарыстың 1/8 кезеңінде Сауд Арабиясы командасының көшбасшысы Абдулазиз Бу Шулайбиді жеңді, есеп – 3:1. Ширек финалда қазақстандық спортшы әлемнің 65-ракеткасы тәжірибелі Ибрагим Диаумен (Сенегал) кездесті. Төртінші партияны 13:11 есебімен өз пайдасына шешкен Денис жартылай финалға өтті. Дегенмен, шешуші ойынға бір қадам қалғанда отандасымыз жарыс жолынан шығып алды. Иран ойыншысы Нима Аламиан жерлесімізден басым түсті. Нәтижесінде Денис жеңіс тұғырының үшінші сатысына көтерілді.

Исламиада аясында біздің жеңіл атлеттеріміз де бақ сынауда. 100 метрге жүгіруден әйелдер арасындағы финалға қатысқан Ольга Сафронова жетінші болды. Оның нәтижесі – 11.37. Кедергілері бар жолда 400 метрге жүгірген Вячеслав Земс 51.67 уақытта мәреге жетті. Ол да өз сайысында жетінші болды. Айта кеткен жөн, 400 метрге алдын ала жүгіруде жолды 44.94 секундта бағындырған Михаил Литвин ел рекордын орнатты. Спортшы 45.25-ке тең болатын өз рекордынан асып түсті.

Осы күндері таэквондо мен еркін күрестен Қазақстан құрамасы бақ сынауда. Спортшыларымызға алдағы сайыстарда сәттілік тілейміз!

ТЕННИС

АЛҒАШҚЫ ҚАДАМ СӘТТІ БОЛДЫ



Қазақстандық теннисшілер жер жүзіндегі әртүрлі халықаралық жарыстарда бақ сынауда. Отандық ракетка шеберлерінің әлемдік жарыстардағы нәтижелеріне шолу жасап өтейік.

Қазақстандық теннисші Михаил Кукушкин АҚШ-тағы «Челленджер» жарысының бастапқы айналымында жеңіске жетті. Ол ойынның екі сетінде америкалық Говинд Нандадан 3:6, 6:4, 6:3 есебімен басым түсті. Екінші раундта Михаил хорватиялық Борн Гойомен кездеседі.

Тимофей Скатов пен Дмитрий Попко «Челленджер» сериясындағы турнирлерде өз жарыс жолдарын аяқтады. Сан-Маринода өткен сайыстың бірінші айналымында Тимофей бірінші раундта Александр Вайска (Италия) есе жіберді – 3:6, 1:6. Ал

Дмитрий Чикагодағы жарыста америкалық Бен Шелтоннан 0:6, 6:7 (5:7) есебімен ұтылып қалды.

Торонтодағы «Мастерс» турнирінде отандасымыз әрі әлемнің 27-ракеткасы Елена Рыбакина WTA рейтингінің 47-ші сатысында тұрған чехиялық Мария Бузкованы жеңіп шықты, есеп – 7:5, 6:7 (3), 6:1. Кездесу үш сағаттан астам уақытқа созылды. Қазақстандық спортшы жарыстың екінші айналымында Елена Кори Гофф немесе Мэдисон Бренгке қарсы ойнайды.

Осы турнирде әлемдік рейтингтің 46-шы сатысында тұрған

тағы бір қазақстандық теннисші Юлия Путинцева канадалық Кэтрин Себовты жекелей сында жеңді – 3:6, 6:2, 7:5. Сондай-ақ, Юлия америкалық София Кенинмен бірге Анна Бондар (Венгрия) мен Кимберли Зиммерман (Бельгия) жұбынан басым түсті. Теннисшіміз енді жұптық және жекелей жарыстың екі айналымында өнер көрсетеді.

Торонтода Қазақстан ерлер құрамасының көшбасшысы Александр Бублик бірінші раундта әлемнің 46-шы ракеткасы америкалық Дженсон Бруксбиге есе жіберді, есеп – 2:6, 3:6.

Сондай-ақ, Қазақстан жерінде де теннистен халықаралық жарыстар өтіп жатыр. Өскемен қаласында ITTF World Tennis Tour W25 сериясының жалпы жүлде қоры 25 мың АҚШ долларын құрайтын әйелдер турнирі басталды. Жарыстың алғашқы күні Шығыс Қазақстан облысы теннис мектебінің тәрбиеленушісі 14 жастағы Малика Әмірғалиева сенсациялық жеңіске жетті. WTA рейтингісіне кірмейтін теннисшіміз 18 жастағы ресейлік Николь Мишиевті (1990 WTA) 6:1, 6:4 есебімен жеңіп, іріктеу кезеңінен өтті. Ал жарыстың екінші күні Малика 16 жасар Владислав Андреевскаямен (Қырғызстан) бірге тәжірибелі Сапир Коэн (Израиль)/Эдда Мамедова (Ресей) дуэтин жеңді, – 7:5, 7:5. Енді қазақстандық-қырғызстандық жұп ширек финалда өнер көрсетеді.

ШАХМАТ

Үндістанның Ченнай қаласында дүниежүзілік шахмат олимпиадасы өз мәресіне жетті. Қазақстанның әйелдер құрамасы жарысты 5-орында, жігіттер командасы 17-орында аяқтады. Ал Жансая Әбдімәлік бірінші тақта шахматшылар арасында қола жүлде жеңіп алды.

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ШАХМАТ ОЛИМПИАДАСЫ



Соңғы екі тур қалғанда Қазақстанның әйелдер құрамасы олимпиада рейтингінде үшінші орынға тоқтаған. Келесі кездесуінде Үндістанның бірінші командасына қарсы ойнаған шахматшы қыздарымыз жеңіске жете алған жоқ. Бибісара Асаубаева өз қарсыласымен тең түссе, Жансая Әбдімәлік, Гүлісхан Нахбаева және Ксения Балабаева ұтылып қалды. Бұл жеңілістен соң біздің шахматшылар жалпы тізімде сегінші орынға жайғасты. Олимпиаданың соңғы сайысында құрама қыздары Үндістанның үшінші командасымен кездесті. Ойын нәтижесінде Жансая Әбдімәлік пен Бибісара Асаубаева жеңіске жетіп, Ксения Балабаева тең нәтиже көрсетті. Осылайша дүниежүзілік олимпиадада 8 жеңіс, 2 жеңіліс және 1 тең нәтижесі бар Қазақстан әйелдер

құрамасы жарысты 5-орында аяқтады. Шахматтан дүние жүзінің басты бәсекесінде украиндық қыздар топ жарып, алтын алды. Күміс жүлдені Грузия командасы, ал бірінші орыннан соңғы сәтте түскен Үндістан құрамасы қола алды.

Жарыс аяғына қарай олимпиада рейтингінде 25-орынға жайғасқан отандық шахматшы жігіттер алдымен Хорватияны 3:1 есебімен жеңіп, 20-орынға көтерілген. Соңғы кездесуінде ерлер командасы қыздар секілді Үндістанның үшінші командасына қарсы қойылды. Ойын барысында Ринат Жұмабаев жеңіске жетсе, Арыстанбек Оразаев керісінше қарсыласына есе жіберді. Ал Әлішер Сүлейменов пен Қазыбек Нөгербек өз ойын тақталарында тең болды. Нәтижесінде екі команда 2:2 есебімен тең болды. Олимпиада барысында 7 жеңіс, 3 жеңіліс және 1 тең нәтиже көрсеткен біздің жігіттер әлемдік жарысты 17-орында аяқтады. Ерлер арасында Өзбекстан құрамасы үздік болды. Екінші орынды Армения алды. Ал Үндістанның екінші командасы қола жүлдені қанағат тұтты.

Олимпиада нәтижесі бойынша біздің шахматшылар жекелей марапаттардан құр қалған жоқ. Әйелдердің бірінші тақта шахматшылары арасында Жансая Әбдімәлік қола медаль жеңіп алды. Айта кеткен жөн, бірінші тақтада әр құраманың ең мықты ойыншылары отырады. Сондай-ақ, Бибісара Асаубаева екінші тақта шахматшылары тізімде төртінші болды.

КӨГАЛДАҒЫ ХОККЕЙ

ІРІ ЖЕҢІС!



Бангкок қаласында (Тайланд) көгалдағы хоккейден Азия Кубогы өтіп жатыр.

Азия Кубогы барысында Сингапур командасымен кездескен Қазақстан ерлер құрамасы ірі жеңіске жетті. Ойын 6:1 есебімен біздің жігіттердің пайдасына

шешілді. Құрама сапынан гол соғып, Дәулет Ерманов, Аман Елубаев және Ерасыл Асхатов көзге түсті. Матчтың үздік ойыншысы ретінде қазақстандық хоккейші Аман Елубаев танылды. Айта кеткен жөн, алдыңғы ойында Қазақстан құрамасы Индонезиямен тең түскен. Ойын 4:4 есебімен аяқталды.

Келесі ойынды көгалдағы хоккейшілеріміз Тайбэйге қарсы өткізеді.

**Бетті дайындаған
Досбол АТАЖАН.**



ТУРИЗМ

АЛМАТЫНЫҢ ШЫҢДАРЫНА ШЫҒЫҢЫЗ!

Биыл халықаралық Almaty Mount Fest фестиваліне 6 мыңнан астам адам қатысады деп күтілуде



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ

лығы» ЖШС директоры Едіге Марғұлан. Сондай-ақ, ол қаланың ақпараттық орталығы демеушілік еткен іс-шараларды айтып өтті: Алматы қаласының туристік ақпараттық орталығы биыл тау шаңғысынан өткен әуесқойлар кубогына, «Алматы жартылай марафоны 2022», «Tau Jagys», Көкжайлаудағы жалпықалалық сенбілік, «Almaty Marathon 2022» сынды іс-шаралар ақпараттық демеуші болды.

Баспасөз конференциясы барысында «Шымбұлақ» тау курортының директоры Ринат Абдрахманов демалыс орнының алдағы даму жоспары жөнінде де сөз қозғарды.

– Қазір курортымыздың негізгі екі даму бағыты бар. Біріншісі, қазір қолданылып жүрген тау шаңғы трассаларын кеңейтіп, сырғанауға арналған жаңа алаңдар ашу. Екіншісі, Шымбұлақты тек демалыс күндеріне арналған курорттан



Досбол
АТАЖАН

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Тау туризмі қазір өте қарқынды дамып келе жатыр. Осы саламен әлемде белсенді айналысатын адамдардың саны 115 миллион шамасында есептеледі. Бұл адамдардың барлығы Алматы қаласындағы туризмнің мақсатты аудиториясына кіреді. Сондықтан Almaty Mount Fest сынды іс-шараларды қала әкімдігі барынша қолдайды. Ішкі және сырттан келген туристер үшін қолайлы жағдай жасап, қажетті инфрақұрылыммен қамтасыз етуге тырысады, – деді Алматы қаласы Туризм басқармасы басшысының орынбасары Марлен Маралов фестивальге арналған баспасөз конференциясында.

Ұйымдастырушылардың айтуы бойынша, фестивальдің барлық күндерінде 6 мыңнан астам адам болады.

– Алматыда тау туризміне қызыққан адамдардың саны күннен-күнге артып келеді. Мысалы, ағымдағы жылдың қаңтар және шілде айлары аралығында Іле Алатауы мемлекеттік Ұлттық паркіне 460 мыңға жуық турист келген. Ал Almaty Mount Fest жайлы айтсақ, бұл тек форум емес. Фестиваль барысында көптеген мастер-класстар, тақырыптық семинарлар және халықаралық спорт түрлерінен жарыстар өтеді, – деді «Алматы қаласының туристік ақпараттық орталығы» ЖШС директорының орынбасары Бауыржан Пазылхайыр.

Almaty Mount Fest кезінде негізінен төрт жарыс өтеді: туриада, downhill, skyrunning және альпиниада. Фестиваль Алматы қаласы Туризм басқармасының ұйымдастыруымен өтеді. Қатысушыларды тіркеу 2022 жылдың 9 тамыз бен 2 қыркүйек аралығында жалғасады. Фестивальге www.mountfest.kz арнайы сайтында тіркелген барлық ниет білдірушілер қатыса алады.



– Шаһарымыздың тау туризмін дамытудағы әлеуеті жоғары. Оған мегаполистің ерекше географиялық орналасуы жол ашады. Біз жүргізген зерттеу бойынша қала әуежайынан Шымбұлаққа дейін 40 минутта жетуге болады. Әлемнің ешбір елінде әуежайдан курортқа дейін дәл осындай уақытта жете алатын мүмкіндік жоқ. Алдағы Almaty Mount Fest қаламыздағы тау туризмінің дамып, ішкі және шетелдік туристерді тартуға үлкен серпіліс береді деп сенеміз, – деді «Алматы қаласының туристік ақпараттық орта-

дамдар жыл бойы үзіліссіз келетіндей демалыс орнына айналдыру. Сонымен қатар, аспалы жолды 4376 метр биіктікте орналасқан Нұрсұлтан шыңына дейін жеткізуді жоспарлап отырмыз. Ал тау шаңғы трассаларын ұзартуға келер болсақ, шаңғышылар Медеуге дейін келетіндей, сырғанау жолына 50 шақырым қосу жоспарланған. Бұл мәселелердің барлығы қазір шетелдік сарапшылармен және жоба инвесторларымен талқыланып жатыр, – деді «Шымбұлақ» тау курортының директоры Ринат Абдрахманов.



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ НАРЫҚТА БӘСІ ЖОҒАРЫ

Катар компаниялары қаланы туристік бағыт ретінде тандайды



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Алматы Катардан келген бірінші ұйымдасқан іскерлік туристер тобын қарсы алды. Ірі ритейл компания Алматыға 47 қызметкерін жіберген еді. Саяхат кезінде 5 күн бойы араб туристері қаланың ең танымал көрнекті жерлерін аралайды.

Қазіргі таңда Алматыға Таяу Шығыс елдерінен туристер көптеп келуде. Бірінші тоқсанда қалаға 55 мыңнан астам шетелдік турист келген, бұл өткен жылмен салыстырғанда, 2,5 есеге артық. Олардың бір бөлігі Катар, БАӘ, Сауд Арабиясы елдерінің инвесторлары мен туристері.

Мамандардың айтуынша, бұл қаланы халықаралық нарықта ілгерілету үшін Алматы қаласының әкімдігі мен туроператорлардың бірлесіп жүзеге асырған халықаралық іс-шараларының, әуе қатынасын қалпына келтіру мен шекараны ашудың арқасында мүмкін болған. Мысалы, «Dubai ATM – 2022» туристік көрмесіне, Катар, БАӘ, Сауд Арабиясы мен Оман елдерінің ірі қалаларындағы руд-шоуларға қатысу ықпалын тигізген.

«Алматы қарапайым саяхатшылар мен бизнес туристтер арасында кең танылып келеді. Бүгін біз Катардан келген алғашқы ұйымдасқан іскерлік туристер тобын қарсы алдық. Қабылданған шаралардың арқасында Алматыға деген туристік дестинация ретіндегі қызығушылық артып отыр. Бұл жұмыс үздіксіз жалғаса береді. Таяу Шығыстан туристік ағымды арттыру қаламыз үшін өте маңызды. Өзге елдермен салыстырғанда Таяу Шығыстан келген туристердің орташа чегі әлдеқайда жоғары», – деді «Алматы қаласының туристік ақпараттық орталығы» ЖШС директоры Едіге Марғұлан.

Айта кететін жәйт, 2021 жылдың соңында Алматы – Доха жаңа рейсі іске қосылды. Қазір осы бағыттағы рейстер саны аптасына төртке дейін көбейді. Qatar Airways жыл басынан бері 100-ден астам рейс жасады. Рейстер А-320 типті әуе кемесімен орындалады.

ТҰЛФАТАНУ

ҰЛЫ АБАЙ МҰРАСЫ

Ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық

(Басы 1-бетте)

Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен «Абай күні» мегаполисте ерекше аталып өтті. Аталмыш іс-шара зиялы қауым өкілдерінің бастауымен Абай атамыздың ескерткішіне гүл шоқтарын қоюдан басталды.

Оған Алматы қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Ғани Майлыбаев, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры Кенжехан Матыжанов, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Жақып, карикатурашы-суретші Еркін Нұразхан, т.б. көптеген ақын-жазушылар мен қоғам қайраткерлері қатысты.

«Абайдың өлеңі, рухы, сөздері бізге қай уақытта болсын керек. Мереке өз алдына, Абай біздің жадымызда, санамызда, жүрегімізде күн сайын бірге жүрген ардақты тұлға. Біз қуансақ-тағы Абайды еске аламыз, қиналсақ та Абайды еске аламыз. Абай болып толғанамыз, Абай болып тебіренеміз. Абайды дәріптеу, оны таныту үздіксіз жүргізілуде. Әр ұрпақ Абайды өзінше саралап, өзіне керегін алып отыруы қажет. Осыдан екі жыл бұрын Абайдың академиялық 3 томдық шығармалар жинағын шығарған болатынбыз, оны оқып, таныс боламын десеңіздер, мархабат. Бұл кітаптарды оқыған сайын Абайды жаңаша оқып, өзгеше саралап, шығармаларымен етене таныс бола бастайсыздар. Бүгін міне ескерткішіне гүл шоқтарын қойып жатырмыз, жастар да көзайым болып жатқаны көңіл қуантады», – деді М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры Кенжехан Матыжанов.

«КҮН АРТЫНАН КҮН ТУАР...»

Гүл шоқтары қойылғаннан кейін қаламыздың барлық музейлерінде, 24 кітапхана-сында тақырыптық іс-шаралар ұйымдастырылды. Сонымен қатар, «Алатау» дәстүрлі өнер театрының шығармашылық тобы қала метросында ұлы ақынның композицияларын орындады.

«Бүгін қаламыздың түкпір-түкпірінде Абай атамыздың рухына арналған түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып жатыр. Қазақ әдебиетінде, өнерінде өлшеусіз еңбек етіп жүрген зиялы қауым өкілдерінің басын бір арнаға тоғыстырып, ақынның өнер жолындағы қайраткерлігіне тағзым еттік. Семей қаласына арнайы хат жазып, «Алматы қаласы музейлер бірлестігіне» 20 шақты Абай атамыздың өзі қолданған экспонаттарды алып келдік. Сондай-ақ, бұрын-соңды еш жерде қойылмаған «Күн артынан күн туар...» атты театрландырылған музыкалық танымдық кеш қойылды. Қолдан келгенше қаламыздың тұрғындары мен қонақтарына Абай атамыздың өнегелі өмір жолын танытудамыз», – дейді Алматы қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Ғани Майлыбаев.

Мерекелік кеште Алматы мұражайында Мемлекеттік мәдени-тарихи қор жәдігерлері мен Абайдың «Жидебай – Бөрілі» әдеби – мемориалдық қорық-мұражайының жәдігерлерінен құралған көшпелі экспозициясының көрмесі ашылды.

СЕМЕЙДЕН АБАЙ МҰРАЛАРЫ КЕЛДІ

«Халқымыздың дарасы, данасы Абай атамыздың туған күніне орай екі жақты меморандумға қол қойдық. Абайдың өмірі мен шығармашылығынан сыр шертетін жәдігерлер көрмеге қойылды. Экспонаттар мұражайда екі апта қойылады. Бұл алматылықтарға таптырмас мүмкіндік. Сонау Семей қаласына бармай-ақ, Абай атамыздың туындыларымен таныс бола алады. Біздің басты мақсатымыздың бірі – тарихымызды, тарихи тұлғаларымыздың мұрасын жинақтау, зерттеу, насихаттау. Сол себептен де алдағы уақытта да көшпелі көрмелер ұйымдастырылмақ. Сондай-ақ, тағы бір ерекше айта кететін жайт, Абайдың «Жидебай – Бөрілі» әдеби-мемориалдық қорық-мұражайының «Алматы қаласы музейлер бірлестігіне» алғаш рет келуі. Сол себептен барлық Алматы қаласының



Суреттерді түсірген Сапат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



тұрғындарына айтарым – келіңіздер, өткеннен өнеге берерлік дүниелерді көріп қайтыңыздар», – дейді «Алматы қаласы музейлер бірлестігі» КММҚК директоры Ләззат Сағындықова.

Абайдың мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық мұражайы ақынның туғанына 95 жыл толуы қарсаңында Халық Комиссарлар Кеңесінің 1940 жылғы 1 сәуірдегі қаулысы бойынша ұйымдастырылған. Қазіргі уақытта мұражайдың қорында 20 мыңнан астам жәдігер, 12 950 кітабы бар ғылыми кітапхана және көшірме жасайтын ғылыми-техникалық бөлім бар. Сол экспонаттардың ішінен Алматы қаласына 20-дан астам жәдігерлер әкелінген.

«Бұл көрменің ерекшелігі – музей қорында сақталып, алайда көпшіліктің назарына іліне қоймаған қолжазба деректер, кітаптар, сол замандағы әртүрлі оқулықтар бар. Біздің қалалық кешенге Ахмет Риза медресесі мен мешіті, «Алаш арыстары және М.Әуезов» музейі кіреді. Мұнда ақын пайдаланған кітаптардың түпнұсқалары қойылған. Мұражайда ұлы ақын өміріне қатысты бірнеше бөлімдер бар. Осының бәрі қосыла келгенде Абай дәуіріне, оның шығармашылығына теріс бойлауға жол ашады», – дейді Абайдың «Жидебай – Бөрілі» әдеби-мемориалдық қорық-мұражайының аға-ғылыми қызметкері Гүлназ Бисембинова.

Расымен-ақ, көрмені аралап жүріп, Абай атамызға тиесілі аспаптар мен ыдыстарды көрдік. Олардың қатарында ерекше көзімізге түскені ұлы ақынның шежіресі жазылған баннер болды. «Атадан алтау, анадан төртеу, жалғыздық көрер жерім жоқ», – деген Абайдың сөздерімен басталған. Сондай-ақ, музейге Абай оқыған Құран Кәрім, тасбиhi, жайнамазы, әкесі Құнанбайдың бас киімі қойылған. Енді бірінде Абайдың екі баласымен түскен түпнұсқа суреті, қолтаңбасы, жазба дәптері, оқыған кітаптары бір бөлікке топтастырылған.

ҰЛЫ АҚЫН – ТЕАТР САХНАСЫНДА

«Көрменің болатындығын туысқандарымнан естідім. Өзім тарих пәнінің мұғалімі болғандықтан, Абай атамыздың өнерімен, өмірімен танысқым келді. Семейге жол тартсам көріп қайтамын деп үміттеніп жүрген едім. Міне, бармай-ақ, тамашалау бақыты бұйырыпты. Мектепте екі сабағым Абайтануға арналған. Балаларға тарихи тұлғамыз жайлы айтпас бұрын, оның шығармашылығымен өзім сусындағаным жақсы болды. Маған жәдігерлердің ішінен Абайдың шежіресі қатты ұнады. Қыз болғаннан кейін, Әйгерімнің кішкентай қобдишасы да көзге ерекше түсті», – дейді Роза Жұмабек есімді көрермен.

Сондай-ақ, Абай атамыздың той-томалақтарда сенімді серігіне айналған 3 ішекті домбырасы, сыбызғысы көрермендердің назарына ұсынылды. Ат үстінде еркін отырғандығының дәлелі ретінде күміс белдемшесін де байқауға болады. Осы ретте музейдің ғылыми қызметкерлері келушілерге көрмені етене таныстырды.

Мерекелік іс-шара «Алатау» дәстүрлі өнер театрының сахнасында өз жалғасын тапты. «Күн артынан күн туар...» атты театрландырылған музыкалық танымдық кеш өтті. Кеште ұлы Абайдың «Көзімнің қарасы», «Айттым сәлем, Қаламқас», «Татьянаның әні» сияқты композициялары және де көптеген әндері орындалып, қара өлеңдері оқылды. Ұжымның Абайдың туған жерінде болған іссапарларынан бейнежазбалар мен мұражайдан біршама архивтік материалдар көрсетілді.

«Біз бұрынғы форматтан сәл алшақтап, «Абай күнінде» философ Абайдың бейнесін көрсетіп қана қоймауға тырыстық. Халыққа жақын, той-томалақтарда өлең-жырларымен көптің көңілін көтеретін, ой салатын, білімге-ғылымға жетелейтін Абайды көрсеттік. Ақынның «Күн артынан күн туар...» атты өлеңін тақырып қылып алдық. Себебі, Абайдың бұл фанидегі уақыты өткенмен, ұрпақ алдында оның қазіргі заманғы құрдастары екендігін көрсеткіміз келді. Ақынның шығармаларын жастардың тілімен, сөзімен жеткізуге тырыстық. Қара сөздеріне құрылған би бар, ән де, күй де бар. Театрландырылған музыкалық танымдық кеште замандастары Біржан мен шәкірттері Көкбай мен Шәкәрімдердің бастаңғысы іспетті бастауды жөн көрдік. Әрмен қарай Абайдың әндерін замандастарына айтқызып, халыққа Абайдың кімдермен замандас, құрдас болғандықтары жайлы мәлімет, көбісі біле бермейтін өлеңдерін ұсындық», – дейді «Алатау» дәстүрлі өнер театрының директоры Ринат Зайытов.

Сондай-ақ, әлеуметтік желіде «Әлемнің Абайы» акциясы өтті. Акцияда волонтерлер Абай өлеңдерін ағылшын, моңғол, орыс, түрік, қырғыз тілдерінде жатқа оқыды.

Осылайша ұлы ақынның 177 жылдық мерейтойы Алматы қаласында әуезді әнмен, әсерлі кешпен аяқталды. Абайдың шығармашылық мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы. Сол қазынаны сақтап қалуға осындай шаралар өз септігін тигізеді деген сенімдеміз.



ҒАҚЛИЯ

БІРІНДІ, ҚАЗАҚ, БІРІН ДОС, КӨРМЕСЕҢ, ІСТІҢ БӘРІ БОС...

Ұлы дала кемеңгері Абай бабамыздың қара сөздері мен өлең жолдары ұлағаттылық әліппесіне айналып кеткелі қашан. Адамзаттың алыбының, дана хакімнің ұлылығы да осында болса керек. Оның мәңгі өлмейтін туындыларындағы нақыл сөздерінің ұлағаты ғасырдан-ғасырға ұласып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, туған халқымен бірге жасай бермек. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тұжырымдағандай, «Абай – біздің ұлтымыз бен жұртымызды танудың төте жолы. Ұлы ақын бізге мазмұндық тұрғыдан өлшеусіз, халықтың рухани азығына айналған мұра қалдырды. ХХІ ғасырға қадам бассақ та, Абайдың көзқарасы заманауи ізгілік қағидаттарына және Қазақстан қоғамының басты құндылықтарына, оның бірлігі мен берекесіне толықтай сай келетіндігіне тағы да бір мәрте көз жеткіземіз. Ұлы данышпан ұлттың рухани мәдени, адами бет-бейнесін асқан көрегендікпен сипаттаған. Оның ұлылығы да осында». Төменде сіздердің назарларыңызға қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлының ғәқлия болар сөзорамдарынан бірнешеуін ұсынып отырмыз.

Баланы ең әуелі мейір-шапағатқа, одан соң ақыл-парасатқа, ақырында нағыз пайдалы ғылымға, еңбекке баулы.

Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар: олар – надандық, еріншектік, залымдық.

Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады.

Пайда, залалды айыратұғын қуаттың аты – ақыл...

Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады.

Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: Ыстық қайрат, Нұрлы ақыл, Жылы жүрек.

Жұмысы жоқтық, тамағы тоқтық, азырар адам баласын...

Көп айтса көнді, жұрт айтса болды – әдеті надан адамның.

Білімдіден шыққан сөз – талаптыға болсын кез.

«Өзіне сен, өзінді алып шығар, Еңбегің мен ақылың екі жақтап».

РУХАНИЯТ

Кітаптар сыйға тартылды

Ұлтымыздың ұйтқысы болып отырған Ұлттық кітапханамызда «Білімдіден шыққан сөз...» атты мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Шараға белгілі театр әртістері қатысып, көпшілікке қойылымнан үзінді көрсетілді.

«Өздеріңіз білесіздер, кітапханада 2 жыл бұрын «Абай әдеби орталығы» ашылды. Сол орталықта күнделікті іс-шара өтеді. Абай атамызға арналған іс-шаралардың тұсаукесерін, кездесулер өткізіп келеміз», – деді ҚР Ұлттық кітапханасының директоры Бақытжамал Оспанова.

Сондай-ақ, шараға келген қадірменді қонақтарға профессор Болат Жүнісбековтің «Абайдың ақын ұлдары» және

«Абай сәулесі» атты кітап сыйға тартылды.

«Абай біздің жастарға үлкен үміт артты. Өздеріңіз көріп отырсыздар, бүгінгідей дүрбелең заманда да Абайдың бізге айтатын аманаты сол – алдымен жастарымыз білімді, ғылымды меңгерсін. Сонда ғана біздің еліміз басқа өркениетті елдердің сапында алдыңғы қатарда болады», – деді жазушы, абайтанушы Болат Жүнісбеков.

СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?

ҚР Ұлттық статистика бюросы баспасөз қызметінің ақпараты бойынша, елімізде қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың есімін мақтанышпен алып жүрген 18 273 адам бар. Олардың бір жарым мыңы Алматыда тұрады.

АБАЙ ОҚУЛАРЫ

Жас дарындар бақ сынасты

Абай Құнанбаевтың шығармаларын жастар арасында насихаттау мақсатында жыл сайын ұйымдастырылып келе жатқан «Абай оқулары» Әуезов ауданында өтті.

«Мен бүгінгі шарадан өзіме көптеген мәлімет алдым. Бүгін Абай Құнанбайұлының «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» деген өлеңін жатқа оқыдым. Ақынның қай шығармасын алып қарасаңыз да, барлығында үлкен мән жатыр. Алдағы уақытта бұл байқауға жақсы дайындықпен келемін. Жеңісті орындардан көрінемін. Қатарластарымды да Абай атамыздың шығармаларын жатқа оқуға үгіттеймін», – дейді №133

мектеп-гимназиясының оқушысы Гүлім Төлеухан.

Осымен үшінші мәрте ұйымдастырылып жатқан іс-шараға қаладағы 33 мектептен іріктелген жас дарындар қатысып, бақ сынады. Хакім мұрасын дәріптеген оқушыларға аудан әкімдігі арнайы Алғыс хат пен бағалы сыйлықтар табыс етті.

«Бұл іс-шараның мақсаты – Абай мұрасын балалардың бойына сіңіру. Абайдың қара сөзін, өлеңдерін жас ұрпаққа дәріптеу. Кішкентай кездерінде ақынның шығармаларына сусындап өскен ұрпақтың санасезімі, ой-өрісі жоғары болады деген сенімдемін. Алдағы уақытта да осындай іс-шаралар ұйымдастыру жоспарда бар. Мұндай жарыстардың көбеюі жастарға ерекше ынта-жігер береді деген сенімдемін», – дейді Әуезов ауданы Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Кәмшат Тұрдыбаева.

«Менің тапсырмам бойынша Үкімет 10 тамызды «Абай күні» деп белгілеп, мерекелер тізбесіне енгізді. Ұлы ақынның мұрасын ұлықтауға арналған іс-шаралар жыл сайын өткізіліп тұратын болады. Мәселе мерейтойда емес – тұғырлы тұлғаның туындыларынан терең тәлім алуда. Абайдың рухына тағзым ету – оның қағидатын ұстану, аманатына адал болу. Сонда ғана жас ұрпақтың санасына қастерлі құндылықтарды сіңіреміз. Біз ұлы ойшылдың өнегелі өмірі мен тағылымы туралы айтудан жалықпаймыз. Әсіресе, қазіргі Қазақстан қоғамын Абайдың рухани ұстанымына сай дамыту аса маңызды. Ұлы данышпан елдік мүддені әрдайым жоғары қоюға, алған білім мен тәжірибені халық игілігіне жұмсауға шақырды. Бүкіл адамзат үшін даму үрдісін осындай ұстаным арқылы ұғыну әрдайым маңызды болмақ. Абайдың даналық сөздері қазақ халқының алтын тұғыры, түп негізімізге үңіліп, ұлттық ұстынымызды іздеген көптеген ұрпақтың басын біріктіретін мәңгілік рухани тірек болып қала бермек».

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ТАРИХИ ТАНЫМ

АБАЙ – РУХАНИ ТЕМІРҚАЗЫҒЫМЫЗ, ҰЛТТЫҚ БАҒДАРЫМЫЗ

Елімізде 2020 жылы Үкімет қаулысымен 10 тамыз – Абай күні деп белгіленді. Осы атаулы күннің құрметіне Алматыдағы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында Абай Құнанбаевтың 177 жылдығына арналған онлайн баспасөз мәслихаты өтті. Оған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының жетекші қызметкері, филология ғылымының кандидаты, доцент Ләйлә Мұсалы қатысты.

2009 жылы құрылған Абай институты өз жұмысын үздіксіз жалғастырып келеді. Негізгі бағыты – ұлы ақынның өмірі мен шығармашылық мұрасын қоғамдық гуманитарлық ғылым салаларының тоғысында зерттеу. Институттың Abai.kaznu.kz веб-сайтында ғылыми-әдістемелік оқулықтардың мол қоры бар.

ҒЗИ елімізде алғаш рет «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» атты 50 томдық жинақты құрастырып шықты. «Таңдамалы еңбектердің» 50 томдық басылымы негізінде іріктеліп, «Абайтану антологиясының» 10 томы дайындалды.

Ләйлә Мұсалының айтуынша, «Абайтану антологиясы» – қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар жүйесіндегі, Абайтану тарихындағы үлкен жетістіктің бірі. «Абайтану антологиясына» М.Әуезов, Қ.Мұқамедханов, М.Мырзахметов, Р.Сыздықова, З.Ахметов, Ж.Ысмағұлов, т.б. көрнекті абайтанушылардың іргелі ғылыми монографиялары, Абайтану саласындағы іргелі мәселелерді ғылыми тұрғыда пайымдайтын жекелеген зерттеулер, Ж.Дәдебаевтың «Абайдың антропологиясы» монографиясы, кейбір пәнаралық сипаттағы еңбектер енген.

Спикер сондай-ақ, Абайтану антологиясы атты интеллектуалдық базасы ашылғанын жеткізді. Бұл база Қазақстанның білім және ғылым жүйесі үшін, жалпы дүние жүзі қазақтарына жол ашатын игілікті үлкен базаға айналуы тиіс.

«Мемлекет басшысы алдағы уақытта гуманитарлық пәндердің бөлінбес бөлшегі ретінде Абайтану курсын оқыту керек деп нақты міндет қойды. Осы бағытта ҚазҰУ жанында Абай ғылыми-зерттеу институты ойшыл ақынның мұрасы мен Абайтану бойынша еңбектерді ғылыми айналымға енгізу мақсатында нақты жұмыстар атқарып келеді. Абай ілімін білу жобасы аясында Абай таксономиясы мәселесі көтерілуде. Абай таксономиясы атты жаңа ғылыми бағытты негіздеп жатырмыз. Осы жұмыстардың аясында тек ҚазҰУ-де ғана емес, барлық ЖОО-да жалпы білім беретін пәндер қатарына қосуды ұсынамыз», – деді Ләйлә Мұсалы.

Абайдың қара сөздері бүгінгі күні де маңызын жойған жоқ. Орыс тілінде «Қара сөздердің» үш бірдей нұсқасы бар. Абайдың қара сөздері әлі де жіктеліп, зерттеліп, тереңірек мән-мағынасын ұғынған сайын, бүгінгі заманның адамын рухани жағынан байыта түседі.



Ләйлә Мұсалы Президенттің «Абай – рухани реформатор» мақаласында айтылған пайымдауларға ұстаздар қауымы оқыту процесі барысында үнемі назар аударатынын жеткізді.

9.20 «Әйел әлемі»
9.55 «ЫРЫСТЫҢ ҚАЗЫҒЫ»
10.00 «Гүлдер құпиясы». Телехикая. (Түркия, 2013-2016 ж.ж.)
12.00 «Әзіл әлемі»
14.00 ТҰСАУКЕСЕР! Дисней ұсынады. «ОЙЫНШЫҚТАР ХИКАЯСЫ 4». Мультфильм (АҚШ, 2019 ж.)
15.30 «Әндер мен жылдар». Концерт
17.30 «Шекарашылар». Деректі фильм
18.00 «ГҮЛДЕР ҚҰПИЯСЫ». Телехикая. (Түркия, 2013-2016 ж.ж.)
20.00 ТҰСАУКЕСЕР! Дисней ұсынады. «101 АЛА КҮШІК 2». Мультфильм (АҚШ, 2003 ж.)
21.05 «Жігіттер» тобының концерті
22.30 «ӨМІР ЫЗҒАРЫ». Телехикая (Түркия, 2021 ж.) (субтитрмен)
23.30 «Көшпенділер». Көркем фильм («Қазақфильм», 2005 ж.)
1.15 «Дәуір даналары». Деректі фильм
2.00 «Ауылдастар»
2.25 «Мұра». Деректі фильм
2.50 «Жәдігер»
3.10 Әнұран

ХАБАР

5.00 ҚР Әнұраны
5.00 Телесериал. «Березка»
7.00 Телехикая марафоны. «Сырластар»
9.00 Тарих. Тағдыр. Тұлға
10.00 «Tangy fresh»
10.30 «Ән әлемі»
11.00 Кино. «Ең сұлу»
12.45 Телехикая марафоны. «Бәсеке 2»
16.00 Телесериал. «Березка»
18.00 Мегахит. «Всегда верен»
20.00 «Aitystar»
22.00 «Отдел журналистских расследований. Ближе к делу». Прямой эфир!
23.30 Телехикая. «Аға»
1.00 ҚР Әнұраны

31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
07.00 Тәтті шоу
08.00 «31 әзіл»
09.00 «Күліп ALL»
09.30 Готовим с Адель (повтор)
10.00 КИНО. «Қос тағдыр»
12.30 Алдараспан (қайталау)
14.10 Анимационный фильм «Облачно 2. Месть ГМО»
16.15 КИНО. Нурлан Коянбаев в комедии «Бизнес по-казахски в Африке»
18.15 КИНО. Хью Джекман в фантастическом боевике «Живая сталь»
21.00 КИНО. Роберт Дауни мл. в фантастическом боевике «Железный человек»
23.40 «Bizdin show» (қайталау)
01.40 «31 әзіл»
02.10 What's up?
02.40 Тамаша live
03.40 Әзіл студия
04.00 1001 Әзіл
04.30 Ризамын
05.00 «31 әзіл»
05.30 What's up?

ЕВРАЗИЯ

6.00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7.25 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы
8.00 «П@УТИНА» бағдарламасы
9.00 Анна Геллер, Михаил Трухин, Денис Матросов в фильме «НАВАЖДЕНИЕ»
11.40 Любовь Толкалина, Дмитрий Марьянов в многосерийном фильме «КАК ВЫЙТИ ЗАМУЖ ЗА МИЛЛИОНЕРА 2»
16.30 «БЕСТІҢ ШӘЙІ» бағдарламасының тұсаукесері. Тікелей эфир
18.30 Александр Устюгов, Сергей Перегудов в детективе «МОЯ ФАМИЛИЯ ШИЛОВ»
20.25 Антон Хабаров, Карина Андоленко, Александр Бухаров в многосерийном фильме «ОТЧИМ»
1.25 «ЦАРИ ОКЕАНОВ. ПУТЬ В АРКТИКУ». Документальный фильм
2.50 «П@УТИНА» бағдарламасы
3.40 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
5.10 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы
До 5.35

7-КАНАЛ

06.00 Т/п «Қуырдақ»
07.00 Jaidarman
09.00 Т/п «Орёл и решка»
10.00 Х/с «Вчера.Сегодня. Навсегда»
14.00 Дос-Мұқасанның «Айхай 25» концерті
16.30 Т/х «Тақиясыз періште»
18.15 Шоу «Удивительные люди»
21.00 Х/ф «Повелитель бури»
00.00 Шоу «Ну-ка все вместе»
02.10 Т/х «Тақиясыз періште»
03.40 Т/х «Япырай»
04.10 Т/п «Тамаша»
05.00 Т/п «Қуырдақ»

КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «ҮЛКЕН ҮЙ», отандық телехикая
07.30 «БІЗДІҢ КОНЦЕРТ»

08.30 «ҚАРАПАЙЫМ-ХАНШАЙЫМ», реалити-шоу
09.20 «ЮМОРИНА», шоу-программа
11.00 «НЕЗАБЫТАЯ», мелодрама (повтор)
15.00 «АТАЛАР СӨЗІ», өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском
18.00 «OZAT OTBASY», ток-шоу
19.00 «ГҮЛ СЫЙЛАЙЫҚ АНАҒА», ән-шашу
21.00 «ТЕНЬ ПРОШЛОГО», мелодрама. В ролях: Любава Грешнова, Виталий Кудрявцев (худ.сериал)
00.50 «ЧУМА», криминальная драма (повтор)
02.15 «АТАЛАР СӨЗІ», өзбек телехикаясы (қайталау)
03.45-
04.30 «ҚАРАПАЙЫМ-ХАНШАЙЫМ» (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

07.00 Әнұран
07.05 «PRO FOOTBALL». Итоги сезона
07.35 ФУТБОЛ. УЕФА Ұлттар Лигасы. Франция – Хорватия
09.35 «Чемпион». Кайрат Ералиев. Деректі фильм
10.15 «Сырлы өлкедегі сегізінші сайыс». Арнайы репортаж
10.30 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық Лига. «Қуаныш» – «Ару-Астана». (Әйелдер). 2 тур
11.50 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының журналы
12.20 «QAZSPORT алаңы» ТОК-ШОУЫ
13.05 ФУТЗАЛ. Еуропа Чемпионаты. Финляндия – Қазақстан
14.50 Арнайы репортаж
15.05 Софья Берульцевамен сұхбат
15.35 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық Лига. «Тараз» – «Маңғыстау» (Ерлер). 1 тур
17.55 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының журналы
18.20 ФУТБОЛ. «Доп дода». Тікелей эфир
19.00 «SUPER BOL!». 7 выпуск
19.50 ФУТБОЛ. «Super Bol!» – «Жеңіс». Тікелей эфир
21.50 «АЛАМАН». 3 бағдарлама
22.10 ММА «OSTAGON 33»
01.00 Арнайы репортаж
01.15 Әнұран

balapan BALAPAN

7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
7.05 Анимация. Отандық / «Көжектер»
7.40 «Супер әке» Мультхикая.
8.20 Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
8.30 «Көңілді құндыз» Мультхикая.
8.45 «Тәуекел» спорттық бағдарламасы
9.05 «Еге мен Гага» Мультхикая.
9.20 «Қонжық Расмус» Мультхикая.
9.35 Анимация. Отандық / «Трансформер Тұлпар»
10.00 «Баданаму хикаялары» Мультхикая.
10.30 «Көке» ситком
10.45 «Зак дауыл» Мультхикая.
11.10 «Тәжірибе алаңы» ойын-сауықтық бағдарламасы
11.20 «Аполлонның ерлігі» Мультхикая.
11.45 Анимация. Отандық / «Батыл ұшқыштар»
11.55 «Айгөлек» музыкалық бағдарлама
12.20 «Табиғат сақшылары» ситком
12.45 «Қырық төрт мысық» Мультхикая.
13.10 Анимация. Отандық / «Дәрігер Дана»
13.20 «Тентек»телехикая.
13.55 Анимация. Отандық / «Қаһарман»
14.05 «Байқа, балақай!» танымдық бағдарлама
14.10 Анимация. Отандық / «Алан мен Қозықа»
14.40 «Клео мен Кукин» Мультхикая.
15.00 Анимация. Отандық / «Батыл ұшқыштар»
15.10 «Ежелгі қалаларға саяхат» ақпараттық-танымдық бағдарлама
15.15 Анимация. Отандық / «Глобус»
15.30 «Супер әке» Мультхикая.
16.10 «Дарын мен Айзере» ситком
16.25 Анимация. Отандық / «Көжектер»
16.55 «Көке» ситком
17.20 «Қонжық Расмус» Мультхикая.
17.35 «Тәжірибе алаңы» ойын-сауықтық бағдарламасы
17.45 Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
17.55 Анимация. Отандық / «Ертемір»
18.35 «Еге мен Гага» Мультхикая.
18.50 «Баданаму хикаялары» Мультхикая.
19.20 Анимация. Отандық / «Алан мен Қозықа»

19.50 Тұсаукесер! «Көңілді құндыз» Мультхикая.
20.05 Анимация. Отандық / «Трансформер Тұлпар»
20.25 «Тентек»телехикая.
20.55 Анимация. Отандық / «Дәрігер Дана»
21.05 «Қырық төрт мысық» Мультхикая.
21.30 «Табиғат сақшылары» ситком
21.55 «Зак дауыл» Мультхикая.
22.25 «Әжемнің ертегілері» кешкі ертегі.
22.40 «Аполлонның ерлігі» Мультхикая.
23.05 «Айгөлек» музыкалық бағдарлама
23.35 «Клео мен Кукин» Мультхикая.
23.55 «Бесік жыры» – Әнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

ASTANATV

06.00 «Фазилет ханым» телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» м/ф
09.00 «Кеш келген махаббат» үнді телехикаясы
11.20 «Құрақ» телехикаясы
14.25 «Шаншар»
16.25 «Громы. Дом надежды» телесериал
21.00 «Жылама, ана» түрік телехикаясы
21.55 «Кеш келген махаббат» үнді телехикаясы
00.10 «Tik-Tok хаус» телехикаясы
01.40 «Үздік әзілдер»

TALIM TV TALIMTV

07.05 Семейный доктор
07.40 Тәлім History
08.10 Өнер қырандары
09.00 Қазақы өңгіме
09.40 Әжемнің әңгімесі
10.00 Саулықтың сыры
10.10 Біздің жанұя
10.30 Денсаулық сыры
10.50 Ем болсын
11.00 «Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Ой-талқы
13.10 Саулықтың сыры
13.20 Қышқыл-мысқыл»
13.40 Оңліне
14.10 Емен жарқын
14.50 Саулықтың сыры
15.00 Таласфильм – Ойлан
16.00 Идея
17.00 Қарасаз көшелері
18.00 Тәтті time
18.50 Денсаулық сыры
19.00 Қазақ білсін
19.15 «Бабалар сөзі – өсиет» – Терме
19.35 Сырласайық
19.50 Ұлт саулығы
20.00 Айтыс Strike
21.00 25 сағат
22.00 Talim Speakers
22.30 Автопортрет
23.00 Пруст сауалнамасы
23.30 Саморазвитие с Маржан коуч



«КӨШПЕНДІЛЕР». Көркем фильмі. «Қазақстан» арнасы. Сағат 23.30-да.

ЖЕКСЕНБІ
21 ТАМЫЗ

Almaty TV АЛМАТЫ

6.00 Әсем әуен
6.45 Үздік әзілдер
8.00 Алақай демалыс!
9.00 Ура, каникулы!
10.00 Детский кино клуб.
11.30 Алматинские истории
12.00 Бақытты отбасы
12.40 Almaty, suiem seni
13.10 Үздік әзіл
15.00 Женский кино клуб
19.00 Телехикая. «Мамыр ханшайымы» 12 серия
19.00 BOLLYWOODтан махаббатпен! Мелодрама
22.00 Мужское кино
0.00 Мужское кино
2.00 Алматинские истории
2.25 Алматинские каникулы
2.55 Алматы тұнған тарих
3.15 Алматы кеші
4.00 Концерт
4.40 Алматы кеші
5.55 Гимн

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00 Әнұран
6.05 «Жәдігер»
6.30 «Теледәрігер»
7.15 «Зинһар»
7.50 «Көңіл толқыны»
8.30 Дисней ұсынады. «Ойыншықтар хикаясы 4». Мультфильм (АҚШ, 2019 ж.)
10.00 «Гүлдер құпиясы». Телехикая. (Түркия, 2013-2016 ж.ж.)
12.00 «Ән мен әнші»
14.20 «Көшпенділер». Көркем фильм («Қазақфильм», 2005 ж.)
16.25 «КҮЙ-КЕРУЕН»
16.55 Дисней ұсынады. «101 ала құш». Мультфильм (АҚШ, 1961 ж.)
18.00 «ГҮЛДЕР ҚҰПИЯСЫ». Телехикая. (Түркия, 2013-2016 ж.ж.)
20.00 ДЕРЕКТІ ФИЛЬМ. «ТІРШІЛІК».
20.35 «Құс қанат ғұмыр». Мейрамбек Бесбаевтың концерті
22.30 «ӨМІР ЫЗҒАРЫ». Телехикая. (Түркия, 2021 ж.) (субтитрмен)
23.30 «Қара қабылан». Көркем фильм (АҚШ, 2018 ж.) (Marvel Studios ұсынады)
1.05 «Теледәрігер»
1.50 «Зинһар»
2.35 Деректі фильм. «Тіршілік»
3.05 «Ауылдастар».
3.30 «Жәдігер»
3.55 Әнұран

ХАБАР

5.00 ҚР Әнұраны
5.00 Телесериал. «Березка»
7.00 Телехикая марафоны. «Сырластар»
9.00 Концерт. «Алашұлы»
11.00 Кино. «Ең сұлу»
12.45 Телехикая марафоны. «Бәсеке 2»
16.00 Телесериал.
18.00 Мегахит. «Всегда верен»
20.00 «Aitystar»
22.00 Концерт. «Dimash digital show»
0.00 Телехикая. «Аға»
1.00 ҚР Әнұраны

31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
07.00 Тамаша live
08.00 «31 әзіл»
08.30 «Күліп ALL» (қайталау)

09.00 TeleBingo. Прямой эфир
09.25 Готовим с Адель
10.00 Ералаш
10.30 Мультсериал «Маша и медведь»
11.00 Анимационный фильм «Облачно 2. Месть ГМО» (повтор)
13.00 КИНО. Нурлан Коянбаев в комедии «Бизнес по-казахски в Африке» (повтор)
15.10 КИНО. Хью Джекман в фантастическом боевике «Живая сталь» (повтор)
18.00 КИНО. Роберт Дауни мл. в фантастическом боевике «Железный человек» (повтор)
20.30 КИНО. Дольф Лундгрен в боевике «Работоторговля»
22.40 «Алдараспан»
01.00 «Қос тағдыр» (қайталау)
02.30 Тамаша live
03.00 Әзіл студия
03.30 What's up?
04.00 1001 Әзіл
04.30 Ризамын
05.00 «31 әзіл»
05.30 What's up?

ЕВРАЗИЯ

6.00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7.25 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы
8.00 «П@УТИНА» бағдарламасы
9.00 «ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ»
9.10 «МОЯ ФАМИЛИЯ ШИЛОВ» . Многосерийный фильм
11.40 Любовь Толкалина, Дмитрий Марьянов в многосерийном фильме «КАК ВЫЙТИ ЗАМУЖ ЗА МИЛЛИОНЕРА 2»
16.30 «ӘКЕМІЗГЕ ҚАЛЫҢДЫҚ» бағдарламасы
18.05 «ҚАЙМАҚ»
18.40 КОНЦЕРТ К ЮБИЛЕЮ МУСЛИМА МАГОМАЕВА
20.15 Антон Хабаров, Карина Андоленко, Александр Бухаров в многосерийном фильме «ОТЧИМ»
1.10 «ТРИ АККОРДА»
3.25 «П@УТИНА» бағдарламасы
4.10 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
До 5.40

7-КАНАЛ

06.00 Күлкістан
09.00 Шоу «Музыкальная интуиция»
11.00 Х/ф «Повелитель бури»
14.00 К/ф «Махаббат саған ұқсайды»
16.30 Т/х «Тақиясыз періште»
18.00 Шоу «Один в один»
21.00 Х/с «Мама будет против»
02.00 Күлкістан
04.50 Т/п «Қуырдақ»

КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «ЖҰЛДЫЗДАР МЕН ҰЛ ҚЫЗДАР»
08.30 «ҚАРАПАЙЫМ-ХАНШАЙЫМ», реалити-шоу
09.20 «ЮМОРИНА», шоу-программа
11.20 «ТЕНЬ ПРОШЛОГО», мелодрама (повтор) (худ.сериал)

15.00 «АТАЛАР СӨЗІ», өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском
18.00 «OZAT OTBASЫ», ток-шоу
19.00 «МАХАББАТ ӘЛЕМІ», ән-шашу
21.00 «ВСПОМНИТЬ СЕБЯ», мелодрама. В ролях: Анна Васильева, Александр Наумов (худ.сериал)
00.50 «ЧУМА», криминальная драма (повтор)
02.15 «АТАЛАР СӨЗІ», өзбек телехикаясы (қайталау)
03.45-04.30 «ҚАРАПАЙЫМ-ХАНШАЙЫМ» (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

07.00 Әнұран
07.05 «Су ханзадасы» Деректі фильм
07.50 ФУТБОЛ. Чемпионат мира среди женщин U-20. 1/4 финал. Прямой эфир
09.50 «SUPER BOL!». 7 выпуск
10.40 «BAQ LIGA. Волейбол». Арнайы репортаж
11.05 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық Лига. «Қуаныш» – «Алматы». (Әйелдер). 2 тур
12.50 «PRO FOOTBALL». Маусым қорытындысы
13.25 «Сырлы өлкедегі сегізінші сайыс». Арнайы репортаж
13.45 ФУТЗАЛ. Еуропа Чемпионаты.
15.35 «ҚАЗАҚСТАН – ИТАЛИЯ ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық Лига. «Атырау» – «Павлодар» (Ерлер). 1 тур
17.40 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының журналы
18.05 «SUPER BOL!». 7 выпуск
18.55 ФУТБОЛ. OLIMPBET-Қазақстан Чемпионаты. «Астана» – «Қызыл-Жар СК». Тікелей эфир
20.55 ФУТБОЛ. OLIMPBET-Қазақстан Чемпионаты. «Ақтөбе» – «Ордабасы». Т. эфир
23.00 ФУТБОЛ. «Тур по туру». Прямой эфир
23.40 Софья Берульцевамен сұхбат
00.15 Әнұран

balapan BALAPAN

7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
7.05 Анимация. Отандық / «Көжектер»

7.40 «Супер әке» Мультхикая.
8.20 Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
8.30 «Көңілді құндыз» Мультхикая.
8.45 «Тәуекел» спорттық бағдарламасы
9.05 «Ақылды тентектер» Мультхикая.
9.20 «Қонжық Расмус» Мультхикая.
9.35 Анимация. Отандық / «Трансформер Тұлпар»
10.00 «Бадаңаму хикаялары» Мультхикая.
10.30 «Көке» ситком
10.45 «Зак дауыл» Мультхикая.
11.10 «Тәжірибе алаңы» ойын-сауықтық бағдарламасы
11.20 «Аполлонның ерлігі» Мультхикая.
11.45 Анимация. Отандық / «Батыл ұшқыштар»
11.55 Анимация. Отандық / «Көңілді көкөністер»
12.20 «Табиғат сақшылары» ситком
12.45 «Қырық төрт мысық» Мультхикая.
13.10 Тұсаукесер! Анимация. Отандық / «Дәрігер Дана»
13.20 «Тентек» телехикая.
13.55 Анимация. Отандық / «Қаһарман»
14.05 «Байқа, балақай!» танымдық бағдарлама
14.10 Анимация. Отандық / «Алан мен Қозықа»
14.40 «Клео мен Кукин» Мультхикая.
15.00 Анимация. Отандық / «Батыл ұшқыштар»
15.10 «Ежелгі қалаларға саяхат» ақпараттық-танымдық бағдарлама
15.15 Анимация. Отандық / «Сықырлы кітаптар»
15.30 «Супер әке» Мультхикая.
16.10 «Дарын мен Айзере» ситком
16.25 Анимация. Отандық / «Көжектер»
16.55 «Көке» ситком
17.20 «Қонжық Расмус» Мультхикая.
17.35 «Тәжірибе алаңы» ойын-сауықтық бағдарламасы
17.45 Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
17.55 Анимация. Отандық / «Ертемір»
18.35 «Ақылды тентектер» Мультхикая.
18.50 «Бадаңаму хикаялары» Мультхикая.
19.20 Анимация. Отандық / «Алан мен Қозықа»
19.50 «Көңілді құндыз» Мультхикая.
20.05 Анимация. Отандық / «Трансформер Тұлпар»
20.25 «Тентек» телехикая.

20.55 Тұсаукесер! Анимация. Отандық / «Дәрігер Дана»
21.05 «Қырық төрт мысық» Мультхикая.
21.30 «Табиғат сақшылары» ситком
21.55 «Зак дауыл» Мультхикая.
22.25 «Әжемнің ертегілері» кешкі ертегі.
22.40 «Аполлонның ерлігі» Мультхикая.
23.05 Анимация. Отандық / «Көңілді көкөністер»
23.35 «Клео мен Кукин» Мультхикая.
23.55 «Бесік жыры» – Әнұран
0.00 Эфирдің жабылуы



ASTANATV

06.00 «Фазилет ханым» телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» м/ф
09.00 «Кеш келген махаббат» үнді телехикаясы
11.20 «JUMBAQTIMES»
12.00 «Отбасы» телехикаясы
15.20 «Алдараспан»
19.50 «Тік-Ток хаус» телехикаясы
21.00 «Жылама, ана» түрік телехикаясы
21.55 «Кеш келген махаббат» үнді телехикаясы
00.10 «Гламур для дур» х/ф
02.00 «Үздік әзілдер»



TALIMTV

07.05 Балалық шаққа саяхат
07.40 Ғибратты ғұмырлар
08.10 Ой-талқы
09.00 Қазақ спортының классикасы
09.40 Айтыстар. Алтын қор
10.00 Саулықтың сыры
10.10 «Баланы бала деменіз» – Балалар уақыты
10.30 Денсаулық сыры
10.50 Ем болсын
11.00 «Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау
12.00 Ұлт саулығы
12.30 Рухани байлық
13.10 Саулықтың сыры
13.20 Тәлім trend (Қазақстан)
14.10 Кестелі орамал
14.50 Саулықтың сыры
15.00 Таласфильм – Өтелмес борыш
16.00 Ғибратты саяхат – Индонезия 1-3 бөлім
17.00 Ұлттық спорт – «Жамбы ату»
17.40 Бабалар сөзі – өсиет
18.00 Talim Speakers
18.50 Денсаулық сыры
19.00 Руханият
19.35 По душам
19.50 Ұлт саулығы
20.00 «Бір дубль»
21.30 Айтыс-Fights
22.00 Абайдың жолы
22.30 Латын
23.00 Тәлім History
23.30 Orkeni style



«Dimash digital show». Димаш Құдайбергеннің шоу-концерті «Хабар» арнасы. Сағат 22.00-де.



● ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

БАЛАҢЫЗ МЕКТЕПКЕ ДАЙЫН БА?

Еліміздегі қазіргі білім жүйесі бойынша 1-сыныпқа баратын бала әріп тануы тиіс және санай білуі керек. Тіпті, кейбір балалар минутына 30–40 сөз де оқи алады, 4–5 жасынан ағылшын тілін меңгерген балалар да болады. Бірақ мектепке баратын балалардың оқуға қабілеті ғана емес, нейробиологиялық жағдайы да жасына сай болуы керек. Міне, осы мәселе, көп жағдайда ата-ана мен бастауыш сынып мұғалімдерінің назарынан тыс қалып жатады.



Әдетте бала 6 жасқа толысымен мектепке беруге асығамыз. Балабақшада жазып-сызуды үйренді ғой, мектепке дайын деп есептейміз. Бірақ балаларымыздың жүріс-тұрысы қандай, тепе-теңдік ұстап жүре ала ма, секіріп ойнай ма, сүрініп, ұрынғыш емес пе, жылдам кимылдай ала ма, мән бере бермейміз. Әрине, баланың білімге қабілетті болғаны, білімге қызыққаны жақсы-ақ. Дегенмен, бірінші

орында баланың денсаулығы аса маңызды. Сондай-ақ, баланың ерік-жігерін қалыптастыру, өмірге бейімдеу, эмоционалды интеллектісін дамыту аса қажетті дағдылар болып саналады.

Осыдан 30–40 жыл бұрын балалар көшеде еркін ойнайтын. Даладағы ойын арқылы жоғарыда айтқан дағдылар өздігінен қалыптасатын. Ал қазіргі таңда балаларды әсіресе қалалы жерлерде

● КЕРЕК КЕҢЕС

БАЛАҒА ТЫЙЫМ САЛМАҢЫЗ:

- Баланың сұрақ қоюына тыйым салуға болмайды. «Неменеге сұрай бересің, соны да білмейсің бе?» деген сөздер баланың әлемді тануға деген қызығушылығын сөндіреді.
- Баланың ашулануына да мүмкіндік беру керек. Өйткені, кішкентай бала да ересек адам секілді негативті эмоциясын білдіруге құқылы. «Осы-ақ ашуланшақ» екен деп кемсітпеңіз.
- Баланың шекарасын қалыптастыруына жағдай жасаңыз.
- Бала өзіне берілген тапсырманы орындағысы келмесе, «жоқ» деп айтуға болмайды дегеннен гөрі кейде кейбір дүниелерді қаламасақ та, істеуіміз керек болатын кездер болатынын түсіндіріп көріңіз.
- Жасөспірім балалардың сөмкесін ақтарып, телефонындағы жазбаларды тексергенде де абай болу керек. Одан да баланың өзі ата-анасынан ештеңе жасырмайтындай жақын болуы үшін баланы өзімізге тарта білгеніміз абзал.
- Баланы бірдеңеден қорыққаны үшін ұялтуға, төмендетуге болмайды. «Қорқақсың, су жүрек, қыз секілдісің» деген сөздер балаға кері әсер етеді. Қайта «неден қорықтың, неге қорықтың» деп сұраған дұрысырақ.
- Балаға «жылама» деп жиі зеки берген дұрыс емес. Жылау арқылы бала эмоциясын сыртқа шығарады.
- Баланың әр қателігін бетіне басып айта беруге де болмайды. «Киіміңді әлі күнге өзін кие алмайсың», «сүрініп-қабынып жүресің» деп ұрысқаннан гөрі балаға дер кезінде көмектесу қажет.

көшеге еркін ойнауға жіберуге қорқақтаймыз. Ата-ананың баласына уақыт бөліп бірге ойнап, әңгімелесуіне де уақыт тапшы. Оның үстіне қазіргі балалардың гаджеттерге тәуелділігі секілді өзекті мәселелер балалар миының асинхронды дамуына алып келеді. Міне, дәл осындай себептерден балалар сыныпта дұрыс отыра алмайды, жақсы оқыса да, бақылау жазарда бәрін ұмытып қалады. Жалпы айтқанда, балалардың есте сақтау қабілеті әлсіз. Сондықтан мамандардың айтуынша, баланың миы мен психикасын сабақ оқуға бейімдеп алмай тұрып, академиялық білім беру нәтижесіз болады.

Баланы мектепке даярлауды нейрокоррекциялық жаттығулар жасатудан бастау қажет. Мұндай жаттығуларды арнайы орталықтарда мамандар үйретеді. Ата-аналар баланың нейробиологиялық

күйін жақсарту үшін өздері жаттығуды меңгеріп алып, күнделікті баламен жұмыс істеуге дағдыланса, нәтижелі болады.

Белгілі нейробиолог Айнұр Алдаштың айтуынша, нейрокоррекциялық жаттығулар бала миының белсенділігін арттырады, сол арқылы баланың ақпаратты қабылдауы мен есте сақтауы жақсарады. Бір тапсырмаға баланың зейінін ұзақ шоғырландыру да аса маңызды. Жаттығу жасаған баланың гипербелсенділігі мен өте баяулығы реттеледі. Балаға берген ақпаратты тәжірибеде қолдануды үйрету қажет. Бала психологиясымен кешенді жұмыс істеу оның денсаулығына оң әсер етеді. Бір орыннан қозғалмайтын, гаджет қарап отыра беретін балалар тепе-теңдік ұстап жүруді, сүрінбеуді, өз денесін сезбей жүгіре беруді, доп қағуды, секіруді үйренеді.

● ОЙЫНШЫҚ

Қорқынышты қуыршақтар бала психикасына қауіпті

Қазіргі кезде мектеп жасына дейінгі балалардың қолынан аяқ-қолы ұзын, түрі ұсқынсыз, не жануарға, не адамға ұқсамайтын ойыншықтарды жиі көретін болдық. Ең қызығы, осындай ойыншықтарды балаларға ата-аналардың өздері сатып әпереді.

Бүгінде трендке айналған қорқынышты қуыршақтардың Хаги-Ваги, Киси-Миси деген атаулары бар. Олардың құбыжық түрінен бала түгіл, үлкендердің өзі шошырлықтай. Дүкендерде түр-түсі ұсқынсыз осындай ойыншықтарға сұраныс артқан. Базарлардағы сатушылардың айтуынша, соңғы жарты жылда бұлар ең өтімді тауарға айналыпты. Сатылымда ойыншықтың түрлі өлшемі, түсі бар. Сатушылар бұл ойыншықтарды кішкентайлардың арнайы іздеп келетінін айтады.

Балалардың ойыншық ойнағаны жақсы-ақ. Дегенмен, мамандар ата-аналарға мұндай құбыжық бейнедегі ойыншықтарды балаға әпергенше, оның логикасын кеңейтіп, қызығушылығын оятатын дүниелерге назар аударуға кеңес береді. Алайда, ойыншық сататын сатушылар ата-аналары бұл қуыршақты баласына қанша әпергісі келмесе де, кішкентай сатып алушылар бой бермей алғызатынын айтады. Қаладағы ойыншық сататын әр сауда нүктесінде шама-

мен күніне 15–20 қуыршақ сатылады екен.

«Балаларыммен базарларға бармауға тырысамын. Өткенде үш баламды ертіп бара қалған едім, ойыншық сәресінен олар әлгі Хаги-Ваги, Киси-Миси деген ойыншықтарға жабысып алды. Басқа ойыншықтар алып, тәттілер әперіп, әрең алдадым.

Өйткені, олар балабақшада да осындай ойыншықтармен ойнайды, басқа балалардың қолынан көреді, балалар өзгеден көргенін алғысы келіп тұрады емес пе? Бірақ мен қуыршақтың түріне қарап, әнергім келмеді, оның үстіне қымбат екен, кемінде 8-9 мың тұрады», – дейді алматылық ата-ана Мақпал Тәженова.

Хаги-Ваги деген не десеңіз, бұл Porru Playtime 16+ ойынының кейіпкері екен. Жасөспірім балалар ойнайтын бұл ойында тірі қалу үшін күресетін қорқынышты сюжет көрсетіледі. Ойыншықтың сыртқы келбеті балаларға қызық, күлкілі көрінеді екен.



● МАМАН ПІКІРІ

Аида МАМЫР, психолог:

СЕБЕПСІЗ ЖЫЛАЙТЫН БАЛАЛАР КӨП

Айналасын енді танып, дамып келе жатқан бала үшін кез келген ойыншық қызық. Бірақ ата-ана баласының қандай ойыншықпен ойнайтынына мән беру керек. Өйткені, қорқынышты ойыншықтар баланың психикасына кері әсер етуі мүмкін. Себебі, баланың психикасы толық қалыптаспағандықтан, жақсы мен жаманды, шындық пен өтірік әлемді ажырата алмайды. Қазір балалардың арасында түнде шошып оянгыш, себепсіз жылайтын балалар көбейді. Мұның бәрі баланың күндіз көрген дүниелерінен алған әсері. Балалар гаджеттен қандай мультфильм көретініне жіті назар аударған жөн. Олар мультфильмдердегі кейіпкерлерді қолына ұстап ойнағысы келеді. Қазіргі кезде анимациялық фильмдердің бәрі бірдей мейірімділікті көрсете бермейді, қатыгез ойындар мен мультфильмдер көбейді. Сондықтан бала дұрыс даму үшін оның қалыптасуына септігін тигізетін ойыншықтарды алып беру керек. Тек ойыншықтарды балаға ұсынып қана қоймай, баламен бірге ойнап, оның қызығушылығын арттыру да ата-ананың міндеті.

Бетті дайындаған Айнұр СЕНБАЕВА.



ТӘРБИЕ ДЕГЕН БІР ТӘҢІР

«ЕЛ БОЛАМЫН ДЕСЕҢ, БЕСІГІҢДІ ТҮЗЕ»



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтің осы бір сөзінің күдіреті әлі де өзектілігін жоймады. Қайта уақыт өткен сайын құндылығы артып барады.

Қазір алмағайып заман. Бәрі тез. Жаһандану адамзатты дегбіртпін тұр. Алабұртқан оқиғалар бірінен-бірі асуда. Күніне жүздеген жаңалық, түрлі қылық көретін болдық. Қоғам өзгерді. Сол қоғамға әсер етуші тікелей фактордың бірегейі – адам. Бұл арада таразының екі басын салыстырып тәрбие мен даңғойлықты қойсаңыз, қай тараптың басатынын біле қоясыз. Сол себепті де, сәнқойлық, киім кию әдебі, сөзді мәдениетті қолдану турасында ой-пікір білдіруді жөн санадық.

ӘРКІМНІҢ ӨЗ ЖОЛЫ БАР

Алаш көсемі Әлихан Бөкейханов «Еуропа мәдениеттімін деп мақтанғанымен, мәдениеті өнерінде ғана, ал мінезі хайуандық сапарынан қайтқан жоқ» депті. Бүгінде бұл сөздің қасиеті артууда.

Еуропа XV-XVI ғасырда қала мәдениетіне көшуді үдетті. Тастан сарай салдырды. Днепр, Нева сынды үлкен өзендер мен теңіздердің қасына зәулім ғимараттар тұрғыза бастады. Бір орталыққа бейімделгендіктен, барлық үйге қажетті жағдай мен қолайлылықты тудырды. Бастапқы ілім орта ғасырда, тіпті оның алдында Орталық Азияда негізі қаланса да, олар іліп әкетті. Барлық жағынан өздерін дамытты. Ғылыми технологиялық жетістіктің алға жылжуы көп дүниені өзгертті. Бұл өзгерісті жан-жақты түсінуге болады.

Уақыт өткен сайын ар-ұят, үлкенді сыйлау, кішіге ізет білдіру жағы азайып бара жатқан сияқты. Себебі, әркім өзім білемге салуда. Қашанғы өзі біле береді. Ешкім аспаннан түскен жоқ. Алдағы уақыттың қандай болып кетерін ешкім дөп болжай қоймас. Дегенмен, ой-пікір айтып, бағдарлауға болар.

Бірде бір тұратын хостелдің әкімшісімен тілдестім. Өзі Бішкектен Алматыға келіп, кәсібін дөңгелетіп бағуда. Кілең ауылдан келген жастар сол жерде жалданып жатамыз. Баға жыл сайын шарықтап барады. Оларға «неге қымбат, үсті-үстіне не үшін қосып жатсыздар?» дей алмайсыз. Сөйтіп айтар болсақ, «есік әне!» деп міз бақпайды. Әлгі әкімшісімақ, 5 жыл Португалияда келімсек ретінде қара жұмыс істепті. Кейде жергілікті тұрғынның үйіне асқа баратын көрінеді. Сонда еуропалықтар сағат кешкі 19.00 десе, дәл бару керек екен. Ал кешігу әбестік. Әйтпесе, қабылдамай қоюы да мүмкін сияқты. Сондай кезекті бір кешкі аста, қонақ күтуші үй иесінің інісі келіп қалыпты. Бірақ әлгі кісі сыртта тұрып шығарып салыпты. Оларда біздікіндей кісі келсе «көңіл сыйса, бәрі сыды» деген ой



жоқ екен. Бұл бір жағынан орынды болар. Дегенмен, қазақы пайымға келмейді. Сондықтан батыстың қаңсығын таңсық көруді қою керек-ау...

ҚОҒАМ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРАЙЫҚ

Қоғам – ұлттың айнасы. Сырт елден келген мейман көше арқылы сол елдің мәдениетін аңғарады. Осыны естен шығармайық.

Қазір көшеге шығудан қысылатын халге жеттік. Тіпті, ұятты сәттер көбейді. Ашық-шашық киінгендерден көз сүрінеді. Қарап тұрған жігітке қыз асылып-ақ тұр. Алып шаһарларда ешкімді-ешкім танымайды. Демек, ұялудың қажеті жоқ сияқты. Себебі, бәріне бәрібір. Оның үстіне «өзім білемін» деген қиқар жауап дайын. Бұл заманда жас та, жасамыз та таранған, сыланған. Бір тарапқа жүк артып, қатты айып таға алмайсыз. Дегенмен, осылай кете берсе, арты не болмақ?!

Қоғам мәдениет қалыптастыру үшін әуелі жанұядағы ұят-аят, мейірбандық, сыйластықты мықтап қолға алған жөн. Сонымен қатар, ғаламторды ыңғайлау керек. Біздіңше, интернетке сүзгі қоятын уақыт жетті. Бұлай етпесек, барша ұлттық құндылықтарымызды жойып тынамыз. Тораптан барша жұрт түрлі қызық көруде. Содан кейін ойына келген істерді жасай береді. Шектеу болмаған жерде бетімен кетеді ғой. Осыдан соң санасыз, мейірімсіз, қанағатсыз ұрпақ қалыптасып кетпесіне кім кепіл?!

Егер қоғам арасында мәдениеттің бәсі жоғары болса, онда нағыз айбынды елге айналамыз. Ол үшін төмендегідей қағидаттарға зер салған абзал. Нақтырақ:

- **Өзіңді сыйлау;**
- **Қоғамға ізет;**
- **Адамшылық;**
- **Ұят-аятты білу;**
- **Үлгі болу.**

Халқымыз «Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді» депті. Тегі тауып айтылған тәмсіл. Дегенмен, осы пайымға қаншалықты адалдық танытып келеміз?! Ол жағы бұлыңғыр болып тұр. Десе де, көпке топырақ шашпаймыз. Дегенмен, оқта-текте осындай жәйттер байқалады. Сондықтан да кейбір жағдайларда түсініспеушіліктің салқынын сезіп қаламыз. Кейде осыдан шошып, тіпті жанымыз түршігіп, жағамызды ұстаймыз. Бұлай кете берудің түбі қайда апаратынын жобалап отырмыз.

ӨЗГЕРГЕНДІ КӨЗ КӨРДІ

Өзгеріс – опат болу емес. Өзгеріс – оңалу. Жіберген қисық қадамдарды түзеу. Бұл жерде басқа аксиома жоқ.

Қазір заман да, заң да өзгерген. Тіпті, ешнәрсені елемейтіндер де пайда болды. Істегеніне өкініп, өз қателігінен қорытынды шығарып, оң нәтижеге жету қызық емес сияқты. Қазір неғұрлым мағынасыз-мәнсіз, пәтуәсіз дүние шығарсаңыз, «хит» немесе «хайп» болып кетіп жатыр. Көбіміз әлеуметтік желіде бір-бірімізбен бөлісіп, пікір қалдырып мәзбіз. Ал оның артында не болатынын, салдары неге соқтырағынын ойламаймыз. Тым еліктегіш болып кеттік. Дәлірек, «Тик-Ток», «Инстаграм», «Фейсбук», қала берді, «Ватсап», «Вейбер» сынды желіде кез келген видео, ән, қысқа метражды роликті мәшһүр етіп жібереміз. Бұл арада сол салып отырған автор немесе акаунт иесі – «админ», өзінің қандай іс жасап отырғанын елемейді.

Бүгінде әрбіріміздің қолымызда смартфон бар. Арасында қымбаты да, қарапайымы да ұшырасады. Дейтұрғанмен, алып жүрген айлық табысы 80 мың теңге болса да, 350–400 мың теңгенің iPhone-ын алудан

тайсалмаймыз. Оны һәм кезең-кезеңі бойынша ұстаймыз. Жаңа маркасы шықса, бірінші болып алуға құштармыз. Мейлі табысыңыз жоғары болса, бір жөн. Соны көрген жас өрен, ол да ата-анасының құлақ етін жейді. Баласының көңілі тыныш болуы үшін қу әке-шеше бәріне амалсыз көндігеді. Ал әлгі қымбат телефон ұстағандар ғаламтордың көркін қыздырады. Өртүрлі пікір қалдырып, фото мен видеоны үздіксіз жүктейді. Мұны қадағалап отырған біреу бар ма, ол жағы да екіұшты мәселе?!

АДАМЗАТ АСЫЛЫ – ІЗГІЛІК

Біздіңше, ең әуелі адамзатқа иман керек. Иманы күшті адамның бойында ізгілік оянады. Ал ізгі ниетті болсақ, дүниеге шамшырақ сәулесі молырақ себілетіні ақиқат.

Уақыт өтіп жатыр. Көп нәрсенің дәурені кетуде. Үлкен кісінің тілін алмайтын, үлкен кішіге үлгі бола қоймайтын өтпелі кезеңді бастан өткеріп келеміз. Ертеңгі күннің не болатынына болжам айтпақ түгілі, ойлау мұңға айналды. Ашық дерек-көздердегі ақпарат миды улап бітті. Күні бойы жұмыс істейміз. Қарап отырсақ, қырып-жойып бара жатқан түк те жоқ. Ал бірақ кешке сүрліге құлаймыз. Мұның бәрі интернетті дұрыс пайдаланбағандықтан. Әр сәтімді торапқа теліп қойдық. Содан кейін адамның психологиясы өзгеретіні хақ.

Өз дәуірінің білгірі Мөңке би заманаға болжау, арнау, топшылау айтыпты. Шайырдың толғанысы бүгінгі таңда да өзектілігін жоймады. Қайта уақыт өткен сайын құны артып барады. Аталған өлең жолдарының бір парасын назарларыңызға ұсынамыз.

...Ертеңіне сенбейтін күнің болады.

Бетіңнен алып түсер інің болады.

Алашұбар тілің болады,

Дүдәмалдау дінің болады.

Әйелің базаршы болады,

Еркегің қазаныш болады,

Жылқы жұлдыз болады,

Қой құндыз болады.

Кебір – жерге теңеледі,

Әйел – ерге теңеледі,

Көл – теңізге теңеледі.

Сиыр – өгізге теңеледі.

Ақырзаман адамы –

Сағынып тамақ жемейді,

Ащыны ащы демейді,

Тапқанын олжа дейді,

«Алхам» білгенін молда дейді.

Бір-біріне қарыз бермейді,

Шақырмаса, көрші көршіге кірмейді.

Сарылып келіп тосады,

Құны жоқ қазазды судай шашады...

Қайран бабам тебіреніп, талай тірліктің боларын болжапты. Қараңызшы, айтқаны дәл келіп тұр. Мөңке би бұл арқылы елдің рухани жұтандыққа түспеуін, қайта ақпейіл, адал азаматтардың өсіп шығуына ниетті екенін аңғартып тұр. Білгенге – маржан, өрине!

Қазақ өзінің әр баласы мен олардың әр ісіне сынап қараған. Байқаусызда жіберген ағаттығының орнын түзген. Обал-сауатты ұғынған. Үлкеннің алдын кеспеген. Кішілерге ізетпен қараған. Бұл Ұлы даланың жазылмаған заңы. Осыған берік болсақ, дау да, жау да алмайды.



● ТҮЙІН:

Адамда арман таусылған ба?! Әрине, таусылмайды. Бәріміз жақсы, бай-қуатты өмір сүргіміз келеді. Дүниеде бір-бірімізбен егеспей, кісінің қадірін біліп, қолдап-қуаттап жүрсек, дүние ғажап болар еді. Әйгілі саясаткер Уинстон Черчилль «Адамның жасына қарап емес, мәдениеттілігі мен біліміне қарай бағалауымыз керек» депті. Бұл сөздің қадірі нағыз артып тұрған заман енді келген сияқты. Қоғам мен адам егіз ұғым. Бұл екеуі бір-біріңсіз ғұмыр кеше алмайды. Сондықтан да сыйластық, әдептілік, ар-иба биігінен көрінуге жазсын демекпіз!



ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 29 шілдедегі
№3/360 қаулысы

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде
2022 жылдың 4 тамызында №29017 тіркелген

Алматы қаласы әкімдігінің «Алматы қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеу Қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 23 сәуірдегі №2/260 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1163 болып тіркелген) қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасының «Құқықтық актілер туралы» Заңына сәйкес, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы әкімдігінің «Алматы қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеу Қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 23 сәуірдегі №2/260 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1163 болып тіркелген) қаулысының күші жойылды деп танылсын.
2. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласы
әкімінің міндетін атқарушы

А.ӘМРИН

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

COVID-19 ҚАЗАҚСТАН



ҚР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ
МЕДИА-ОРТАЛЫҚ

10.08.2022 ж. күнгі деректер бойынша
ҚР өңірлерінде КВИ-ға қарсы
вакцинациялау жүргізу туралы ақпарат

I компонентпен
екпе алған
адамдар саны

II компонентпен
екпе алған
адамдар саны

1. Нұр-Сұлтан қ.	543 398	517 298
2. Алматы қ.	1 216 119	1 189 144
3. Шымкент қ.	707 516	696 773
4. Ақмола облысы	377 164	364 468
5. Ақтөбе облысы	444 761	436 535
6. Алматы облысы	1 186 134	1 136 720
7. Атырау облысы	293 460	278 093
8. ШҚО	1 032 244	1 025 713
9. Жамбыл облысы	773 378	763 197
10. БҚО	297 928	288 619
11. Қарағанды облысы	727 227	679 674
12. Қостанай облысы	381 351	368 316
13. Қызылорда облысы	516 330	510 738
14. Маңғыстау облысы	281 445	274 011
15. Павлодар облысы	385 588	376 783
16. СҚО	342 918	338 814
17. Түркістан облысы	1 295 530	1 291 620

Барлығы ҚР бойынша: 10 802 491 10 536 516

ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, телефон: 261-59-11, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТИНЕ
2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 4 айға – 2402 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861,50 теңге // 4 айға – 6482 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге // 4 айға – 1762 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

2022 жылға «Almaty aqshamy» газетіне төрт айға жазылу жүріп жатыр

«ALMATY AQSHAMY»
жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

«ALMATY AQSHAMY» –
алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

АНТОЛОГИЯ

«Қазақ прозасы» Әзербайжанда жарық көрді



Антологияға 54 қаламгердің
таңдамалы шығармалары
енгізілген.

608 беттік «Қазақ прозасы» антологиясы екі елдің дипломатиялық қатынастарының орнағанына 30 жыл толуына арнап шығарылған.

2022 жылдың шілде айында Әзербайжан мен Қазақстан арасындағы дипломатиялық қатынастардың орнағанына 30 жыл толды.

Антологияға ұлы Абайдан бастап, 2000 жылдары әдебиетке келген жас әдеби ұрпақ өкілдерінен 54 қаламгердің таңдамалы шығармалары енгізілген. Абайдың «Қара сөзінен» үзінділер, Шәкәрімнің нақыл сөздері, құдіретті сөз шебері Мұхтар Әуезов, Әбіш Кекілбаев, Мұхтар Мағауин, Қабдеш Жұмаділов, Қалихан Ысқақов, Сәкен Жүнісов, Әкім Тарази, Сайын Мұратбеков, Дулат Исабеков, Оралхан Бөкей, Дүкенбай Досжанов, Сәтімжан Санбаев, Роллан Сейсенбаевпен қатар, тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасы өкілдерінің шығармалары әзербайжан оқырмандарының рухани дүниесін байытуда маңызды рөл атқармақ.



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqshamy» ЖШС.
almaty-aqshamy@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортндағы жолаушыларға қолжетімді.

COVID-19 ҚАЗАҚСТАН



ҚР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ
МЕДИА-ОРТАЛЫҚ

2020 жылғы 13 наурыздан
2022 жылғы 9 тамызға дейін

КВИ +

2020 жылғы 1 тамыздан
2021 жылғы 8 тамызға дейін

КВИ -

1 370 983



ЖҰҚТЫРДЫ



89 730

13 672



ҚАЙТЫС БОЛДЫ



5 357

2022 ЖЫЛҒЫ 9 ТАМЫЗДАҒЫ

КВИ +



ЖҰҚТЫРДЫ



*30

*1



ҚАЙТЫС БОЛДЫ



*0

*8.08.22 ж. деректер



«Жайлы мектеп»

Ұлттық жобасы әзірленуде



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Елімізде 2025 жылдан бастап жаңа стандарттар бойынша мектептер салына бастайды. Бұл туралы Үкімет отырысында ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов айтты.

Премьер-Министр Ұлттық жобаның басты міндеті – балабақшадан бастап, білім берудің барлық деңгейінде халықтың сапалы білімге қол жеткізуін қамтамасыз ету екенін атап өтті.

«Бұл бағытта ауқымды жұмыстар жүргізілуде. 2021 жылдан бері 674 балабақша ашылды. 326 жаңа мектеп пайдалануға берілді. Сондай-ақ, 1436 мектеп жаңғыртылды. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Жайлы мектеп» пилоттық ұлттық жобасы әзірленіп жатыр. Осы жоба аясында 2025 жылға дейін жаңа құрылыс стандарттары бойынша 840 мың орын беретін мектеп салу көзделген», – деді Үкімет басшысы.

Премьер-Министр «Жайлы мектеп» Ұлттық жобасын пысықтау бойынша барлық шараны қабылдауды тапсырды.

«Оқу-ағарту министрлігі Мәдениет және спорт министрлігімен, өңір әкімдіктерімен бірлесіп, ауылдық жерлерде балаларды қосымша біліммен қамтуды ұлғайтсын. Өңір әкімдіктері жастардың жұмыспен қамтылуын арттыру мақсатында мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде колледждерге қабылдауды ұлғайтуды қамтамасыз етсін», – деді Премьер-Министр.

Сонымен қатар, Үкімет басшысы «Жайлы мектеп» Ұлттық жобасын пысықтау бойынша барлық шараны қабылдап, оны «Bilimdi Ult» ұлттық жобасымен жедел үйлестіру қажеттігін алға тартты. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің сапасын арттыру үшін Оқу-ағарту министрлігіне биыл 1 қарашаға дейін мектепке дейінгі ұйымдарды лицензиялау мәселелерін пысықтауды тапсырды.

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

АРША АҒАШЫ ШЫҒАРҒАН ОТТЕГІ

30 адамның тыныс алуына жетеді Қазір арша түйнектей бастады, санаулы күндерден кейін жеміс береді. Бұл көрініс жаздың бел ортасына келгенін білдіреді



Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

Халқымыз қылқан жапырақ-тылар қатарына жататын ағаштың бұл түрін ежелден қасиетті санап, кие тұтқан. Елден ұзақ сапарға шығатын азамат арша ағашының бір тұтамын кесіп алып, бойтұмар еткен.

Сәуір айында гүлдеген арша тамыздың ортасына қарай пісе бастайды. Тұқымына, тұрған жеріне қарай күздің алғашқы он күндігіне дейін өнім береді. Арша 300 жыл өседі (өмір сүреді). Қасиетті болатыны оған көп ауру жоламайды. Сондықтан қазақ балаға бесікті арша ағашынан жасаған, мұндай бесікке қызадық, қара шешек сияқты бәлелі аурулар дарымайды.

Бір арша ағашы шығарған оттегінің мөлшері 25–30 адамның тыныс алуына жетеді екен. Сонымен қатар, 20–25 тонна шаң-тозанды залалсыздандырады және де көктемнен күзге дейін микробтарды жояды.

Осы қасиеттеріне қоса арша өте әдемі де сұлу ағаш. Орайы келгенде айтайын: осындай қасиетін біле тұра, арша әлі Алматыда көгалдандыруға кеңінен пайдаланылмай отыр. Жаңа салынып жатқан шағынаудандарда отырғызу жұмысын қолға алған дұрыс деп ойламын. Қайсыбір жылдары «Almaty aqshamy» газеті осы мәселені көтерген де болатын. Биология ғылымының докторы, профессор Келіс Нұрмашұлы Жайлыбаев көлемді де маңызды мақала жариялап, арша ағашын отырғызуды, күтіп баптауды және экологиялық пайдалы жақтарын жан-жақты атаған еді. Азғантай қозғау болды да. жалғасын таппады...

...Кешеден бері Үркер амалы жүріп жатыр. Тамыздың 15-іне дейін жалғасады. Бұл мезгілде шөп буыны қатаяды, малшылар шөп шабуға кіріседі. Ауа райы құбылып тұрады: кейде ұзаққа созылған сібер



БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

ТАБИҒАТ ҚҰБЫЛЫСТАРЫНА ҚАРАЙ ЖАСАЛҒАН ЖОРАМАЛ:

- Ертеңгі күн құлақтанса, еліңді жау шапқандай қорық, кешкі күн құлақтанса, келінің ұл тапқандай қуан.
- Ай бұлыңғыр болса жаңбыр жауатынын, ашық болса шуақты болатынын білдіреді.
- Жазда құйын көп болса, қыс аязды болды.
- Жаз найзағайлы болса, қыс жайлы болады.

жауын жауады, кейде қатты жел соғады. Қой жауынға арқасын төсеп жайылмай тұрып алады, мұны кейбіреулер «қойдың ораза ұстауы» деп атаса, кей жерлерде жайлауға шығып, үй тіккендегі «туырлық жайы» деп атайды. Кейде сарша тамызға жалғасқан қапырық ыстық болады.

Өткенде Ай тігінен туды. Көне көздер айдың бұлай туысын жақсылыққа балаған. Ауа райы шаруаға қолайлы болады деп есептеген. Қазақ жұрты Айды киелі сана-

ған. Ай арқылы ауа райын алдын ала болжап отырған.

Бүгін григориан бойынша, тамыздың –11-і. Ай есебімен – 13-і, қазақша 2 күннен кейін тамыз айы басталады. Апта айдың басы мен ортасына сәйкес келіп тұр. Демек, ауа райы құбылмалы болады, жаңбыр сирексиді, жартылай бұлтты, көбіне айқын күндер орын алады. Бірақ қалай болғанда да күннің жылылығы немесе ыстығы сақталады.

КИНОКЕҢІСТІК

Қырғыз елінде қос премьерара көрсетілді

Қырғыз ағайындарымыздың астанасы Бішкек қаласында «Мұқағали» және «От» деп аталатын қазақстандық екі кинокартинаның тұсаукесері өтті.



Ақтолықын
ТҰРЛЫҒАЗЫ

Қос премьерара қазақ киносының онкүндігінде ұйымдастырылған. Отандық туындыларды шетелде көрсету марафоны биыл 15 елді қамтиды. Бірақ ең алғаш болып, дәл осы қырғыз елінің астанасынан бастау алды. Оның себебі, қырғыз халқы қазақ киносын сүйіп көреді деседі ұйымдастырушылар. Сондықтан жергілікті көрермен назарына бұл жолы да бір-біріне мүлде ұқсамайтын, бірегей картиналар ұсынылды. Соның бірі режиссер Болат Қалымбетов түсірген «Мұқағали» фильмі.

Драма жанрындағы бұл туынды көрерменді тек ақынның шығармашылығымен ғана таныстырып қоймайды. Сонымен қатар, Мұқағалидың ішкі жан-дүниесі мен өмірі жайлы сыр шертеді. «Енді бұл қазақтың ұлы ақыны Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдығына арналған болатын. Мен айта кетейін, бұл енді ақын туралы емес, ақынның тағдыры туралы, ақынның өмір сүрген ортасы туралы, сол ғасыр туралы. Неге Мұқағали Мақатаев 45 жасында ерте өмірден кетті деген сұ-



рақтарға жауап іздеуге тырыстық», – дейді фильм режиссері Болат Қалымбетов.

«Мұқағали» фильмі қазақ киносының күндері аясында бірқатар шетелдерде көрсетілді. Таллинде өткен 25-ші «Қара түндер» (PÖFF) кинофестивалінде қазылар алқасының экуменикалық жүлдесін жеңіп алды.

көрсетті. Жалпы биыл қырғыз жері қазақ киносының премьерасы өткен алғашқы мемлекет», – дейді кино-режиссер Артық Суюндуков.

Ұйымдастырушылар жыл соңына дейін қазақстандық фильмдерді халықаралық деңгейге көтеріп, бірлескен жобаларға серіктестер мен инвесторларды тартпақ.

Бұл қазақ киносының тарихында Эстонияда алған ең алғашқы беделді марапат. Сонымен қатар, аталмыш туынды Татарстанда қыркүйек айында өтетін кинофестивалдің негізгі байқауына түсті.

Қазақ киносының екі күндік фестивалі аясында көрсетілетін тағы бір фильм «От» деп аталады. Киносыншылардың айтуынша, режиссер Айжан Қасымбектің бұл туындысы қырғыз көрерменінің көңілінен шығады. Өйткені, комедияда көрсетілетін әлеуметтік мәселелер жергілікті жұртқа етене жақын.

«Соңғы жылдары Орталық Азия киносы жайлы ақпарат азайып кетті. Сондықтан біз тәжік киносы, өзбек, түрікмен, қазақ киносы туралы көбірек біліп, ортақ жобаларды ойластыруымыз қажет. Бұл көрермендер үшін қажетті дүние. Бішкектегі кинофестивальді ұлттық киноны қолдау орталығы ұйымдастырды. Оған еліміздің Мәдениет және спорт министрлігі қолдау